



ПИОНЕР

№ 5 МАЙ 1957
АЛМАТЫ



АЛМА БАҒЫ ГҮЛДЕДІ.

Фототюд П. Редьконікі.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетiнiң пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 5

М А Й

1957 ж.

Айына бiр рет шығады.

Шығуына 19 жыл.

МАЙ ПАРАДЫ

Көк жиек нұрға боялды,
Күн биікке ұмтылып.
Ұйқыдан қала оянды,
Көшеміз кетті құлпырып.

Кернеді күлкі көшені,
Сылдырындай бұлақтың.
Шаттықтың лебі еседі,
Самғайды көкте қуатты үн.


Толқындай алға ағылды,
Жалынды жас та, кәрі де.
Бәрінің жүзі жалынды,
Парадқа шықты бәрі де.


Тартады көзді ерекше,
Қызыл ту — таңның арайы.
Түрленіп кетті кең көше,
Шаттана түсті май айы.

Жан-жағым сылқ-сылқ күледі,
Бұлағы жырдың мөлдіреп.
Гүлдеді, жаным гүлдеді,
Кеудеме шабыт толды кеп.

Көргенімді қалпында,
Ұсындым жыр ғып мен елге.
Қуаныштың дарқаны
Сыймады, бірақ, өлеңге.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.





Л. ТОЛСТОЙ

БӨРІ БӨЛТІРІГІН ҚАЛАЙ БАУЛЫЙДЫ

ӘНГІМЕ

Жолмен жүріп келе жатыр едім, артымнан бір айқай естілді. Қарасам, айқайлап келе жатқан бала қойшы екен. Ол мыйдай далада, бірдеңені мезгеп, зыр қағып жүгіріп келеді.

Мен ол мезгеген жаққа қарап, жортақайлап келе жатқан екі бөріні көрдім: оның бірі арлан да, екіншісі бөлтірік екен. Бөлтірік бауыздалған қозыны иығына салған да, бір аяғынан тістеп алған. Арлан оның соңында жәй жортып келеді.

Мен бөрілерді көріп қойшы баламен бірге олардың соңынан жүгіре жөнелдім, сөйтіп біз екеуіміз айқайлап келеміз. Біздің айқайымызды есітіп иттерін ертіп мұжықтар да келді.

Арланның ит пен адамды көруі-ақ мұн екен, ол бөлтірікке жетіп барып, онан қозыны жұлып алды да, өзінің иығына көтеріп соқты, сонан кейін бұл екі бөрі де зыта безіп көзден дереу ғайып болды.

Осыдан кейін бала оқыйғаның былай болғанын айтты: арлан сай ішінен шыға келіп, қозыны бас салады да бауыздап жіберіп ала жөнелді.

Осы кезде оның қарсы алдынан бөлтірік шыға келіп, қозыға ұмтылады. Әккі арлан қозыны оған бере салып, өзі оның соңынан жәй жорта береді.

Тек пәлеге тап болған соң ғана арлан үйретуді доғара салып, қозыны өзі ала қашады.

ТОРҒАЙ МЕН ҚАРЛЫҒАШ

Бірде мен қорада тұрып, үйдің жапсарындағы қарлығаштың ұясына қарадым. Оның ішінен менің көзімше екі қарлығаш ұшып кетті де, ұя бос қалды.

Ол екі қарлығаш сыртта серуенде жүргенде, үйдің жапсарына бір торғай ұшып келіп үніліп қарады да, қанаттарын пыр еткізіп ұяға сүңгіп кетті, сөйтті де ол өзінің кішкентай басын ұядан қылтыйтып шығарып шырылдай бастады.

Содан сәлден соң қарлығаш ұясына ұшып келді. Ол мойнын созып ұяда бөтен біреу отырғанын көре сап, отырған жерінде қанатын сабалап шықылықтады да, қайта ұша жөнелді.

Торғай отырып алып әндете шырылдай берді.

Кенет бір үйір қарлығаш ұшып келді: олардың барлығы да нақ бір торғайды қоруды үшін келгендей-ақ ұяның алдына жапырласты да, қайта ұшып кетті.


Торғай қорыққан жоқ, мойнын бұрып алып шапылдай берді.

Қарлығаштар ұяға тағы ұшып келді, тұмсықтарымен ұяны нұқылағандай болды, сөйтті де тағы да қайта ұшып кетті.

Қарлығаштар бекер ұшып жүрмепті, олардың әрқайсысы тұмсығымен аз-аздан балшық әкеліп ұяның төсігін майлап жүр екен.

Қарлығаштар тынымсыз ұшып кетеді де, қайта келеді, ұяның аузын үсті-үстіне майлай түседі, мұнан барған сайын ұяның аузы тарыла берді, тарыма берді.

Әуелгісінде ұяның аузынан торғайдың басы, мойны көрінетін, онан соң бір ғана басы, онан соң бір ғана тұмсығы көрінді, ал содан әрі түгі де көрінбей қалды, қарлығаштар оны ұяға қамап сылап тастады да, шаттана шықылықтасып үйді айнала ұшты да жүрді.



БҰЛ—СЕНДЕРГЕ ӨНЕГЕ

Балалар, сендердің алғы толқындарың — комсомолец ағаларың орта мектеп бітірді. Олардың ішінде жақсы ісімен сендерге үлгі болатындары көп. Біз бұл очеркте солар туралы айтпақпыз.

1. ЖҮРЕК ШЕШІМІ

Албырт көңілі шар-тарапты шарлаған жас буындардың қыял үстінде кім болғысы келмейді. Олардың бірі — инженер, бірі — дәрігер, бірі — мұғалім, бірі — жазушы, бірі — механизатор, бірі — шахтер болуды көксейді. Солардың ішінде өзінің ежелгі арманындай, әлем кеңістігінде болат құспен еркін шарлауды да аңсайтындары аз емес. Осы ізгі ойлар біздің балғын жастарымызды мектеп бітірер шақ тақалған сайын онан әрі мазалай түседі. «Емтиханды тапсырып, жоғары оқу орнының біріне түссек» дейді олар бір-бірімен сыр шерткенде. Бұл заңды да.

... Жамбыл атындағы орта мектептің оныншы класын өткен жылы бітірген жастардың осындай мамандық таңдау кезінде көп қыйналғаны бар. Бұл жайында бірнеше жыл бірге оқып, бірге жүрген сырлас құрбылар сан рет кенесті, сан рет әңгіме-дүкен құрды.

— Бізде мал шаруашылығы — екінші тың. Соны көтеруге қатысып, ата-аналарымызға қолғабыс етсек, қайтер еді, — деген класс жетекшісі Ғаббас Ахмедовтың сөзі оқушылардың дәл ойынан түскендей болды, олардың әуелден жалт еткен жалынды ой ұшқындарын ұштай түсті.

— Шынында да дұрыс пікір, қыздар, — деді осы кез қолсомолка Науралия Үсева, — бұдан біз түк те ұтылмаймыз. Өмірде, іс үстінде шынығуға не жетсін. Бұған бізді мәпелеп өсірген мектеп коллективі де, ата-анамыз да қуанар еді...

Бұл құрбы сөзі жастардың қалғанына әсер етпей қоймады. Бірі толқыса да, екіншісі осы пікірді шын пейілмен қоштап кетті.

Сөйтіп, бір ұядан ұшқан 20 жас түлек жұп жазбастан берік шешімге келіп, Маленков атындағы колхоздың №1 товарлы-сүт фермасына баратын болды. Бұл оқыйға кейбір ауыл адамдарын таңырқатпай қоймады. «Он жыл оқып ештеңеге жарамады десеңші. Өрімдей боп, малға барғандарың қара. Баяғыда оқымай-ақ мал бағып, сыйыр сауып ек қой!» — деушілер, жастардың талабын мұқалтып, намысына тиюшілер де болды.

Оған көне қоятын біздің жастар ма!

— Қыйындығын көреміз. Еңбексіз рахат жоқ! — деп үзілді-кесілді жауап берді.

Бұдан соң әлгіндей пікірлердің тұғырға тірелетініне кім кұман келтірмек.

2. „ЖАС КЕЛСЕ — ІСКЕ!“

Сонымен жастар іске кірісті. Шілденің ыстығында олар алғашқы өмірлерін сыйыр сауу мен мал қораларын жөндеуден бастады. Бұрыннан мұндай жұмысқа етене боп үйренбеген жастарға әуелгіде ферма ісі онай болмады. Мый қайнататын ыстықта сан рет күнге күйіп, сан рет қолдар қолдырап, сан рет ерін кезерген, сан рет бел ауырып, балтыр сыздаған күндер де болды. Бірақ, соның бәріне де шыдады жастар.



Төл күткен пионерлер.



Бір күні колхоз басқармасы сегіз комсомолецті шөп маялауға жіберді.

Батыл қыймылдаған жастар екі-үш күн ішінде тоқсан тонна шөп үйді. Бұл колхозшыларды да қатты қуантты. «Міне, біздің тамаша қолғанатымыз» — десті олар.

Фермаға алғаш келгенде жастар үшін бар дүние тап-тұйнақтай емес еді. Ең аяғы жастар орын да жоқ болатын. Бұрын салулы төсек, салқын үйге үйреніп қалған адамға бұл оңай болды дейсің бе? Бірақ, жастардың ойы да, дәстүрі де әзір асқа ие болуда емес еді. Сондықтан орны жоқ істі қолға алуға тура келді.

— Ойлануға уақыт тығыз. Күздің қара суығы мынау. Тез жатақхана салып алу керек! — десті олар.

Жастар күшімен саман әзірленіп, жеті бөлмелі үй салынды.

Мал қамын ойлайтындар да — жастардың өздері.

— Қораға үйілген шөп — қолдағы нәрсе. Қыстан қысылмас үшін даладан тасып берейік.

Олар мәселені осылай қойды. МТС-тен бір трактор бөлінді. Сол трактор шанасымен шөп тасуға үш комсомолец — Кәдір, Тоқан, Манарбек бөлінді.

Қорымыз болса — қор болмаймыз. Шөп тасу біздің мойнымызда болсын. Сенімдеріңді ақтаймыз, — деп уәде берді олар.

Жастар сертінде тұрды. Шөп тасыған екі жарым айда 450 тонна шөп, 75 тонна сабан тасылды. Оңай іс пе бұл!

Міне, бір ғана сапардағы қыйындықты көр.

— Ат құлағы көрінбейтін боран. Үскірік аяз, — дейді Кәдір. — Кісі бойы қар. Біз жолдамыз. Ұзаған сайын алақұйын үдеп барады. Дәл шөп алар шатқалға ене бергенде күн тіпті түтеп кетті. Мая көрінбейді, қар басып қалған. «Кішкентай» Тоқан мен Манарбек күрекпен түрткілеп жүріп, зорға тауып алды оны. Қазуға кірістік. Тер бұрқырап кетті. Қозғалсаң, опыға сүңгисің.

Шананың ортан беліне таман шөп тиелгенде, Тоқан өзінен үлкен тоң аралас шөпті лақтыра беріп, қарға көміле жығылды. Манарбек оны сүйеп жатып, «Ер кезегі үшке шейін, тағы, Тоқан, тағы» — деп қояды. Оған біз күлеміз. Сонда да оның айырынан шөп үзілер емес...

Осының өзі де ерлік қой!

3. „ФЕСТИВАЛЬҒА БІЗ ДЕ ӨЗІРМІЗ“

Жас өрендер жұмыстан соңғы бос уақыттарын көңілді де мазмұнды өткізеді. Жатақхана іші үнемі думан. Қыздардың сыңғырлаған дауысы мен ән әуезі, домбыраның сазды үні келеді құлағыңызға. Бір жерде екі-үшеуі жыйналып ап биллиард соғып жатса, енді бір-екеуі дойбы тақтасында шекісіп жатады.

Кешкі мезгіл де көңілді.

— Күнде болмаса да, аптасына екі-үш рет жанымыздағы МТС-ке барып, кино көріп, билеп қайтамыз, — дейді Майра Құсманова. — Бірақ, біздің бір кемшілігіміз, ұлдар жағы (бір-екеуінен басқасы) би білмейді...

Сол-ақ екен, осы әзіл сөз намысына тиіп кетті ме, кім білсін. Арғынғазы орнынан ұшып тұрып:

— Ал, өздерің неге үйретпейсіңдер! Кәне, қолға алындаршы, қалай үйренбес екенбіз, — деп Майраның қолынан шап беріп ұстай алды. Олар бөлме ішінде-ақ, патефонға ойнатылған би пластинкасының әуенімен бірін-бірі үйіріп, шыр айнала жөнелді.

Екеуіне күлімсірей қарап отырған басқа жұрт:

— Сендер биді кімнен үйренуді білмей

отырсындар. Рәуияға жалынсаңдаршы онан да, сендерді бидің неше түріне — тангоға, фокстротқа да, вальске де шебер ғып шығарсын, — деп Әкрамованы бір көтермелеп қойды.

Шынында да бұл тегін айтылмаған сөз еді. Осы жастардың өздері фестивальға әзірлік үстінде әркімнің өнерін сынаған кезде, биге сол Рәуиядан икемдісі жоқ болып шыққан. Сонда жастар «би жағынан біздің намысымызды жыртатын осы Рәуия болсын» — деп түйіндеген. Сол уақыттан бері Рәуия бишілік өнерін үнемі дамытып келеді.

— Ана бір жолы №2 фермаға барып ойын қойғанымызда, — дейді домбырашы Манарбек, — Рәуияның өнеріне сүйсінген колхозшылар дамыл-дамыл қол соғып, оны сахнаға бірнеше шақырды. «Өнер-ақ, шіркін!» — деп тамсанған ел аз болған жоқ.

Жас коллектив өз ішінен көркемөнер үйірмесін құрып, алда болатын бақыт пен шаттық мерекесі — фестивальға қызу әзірленуде. Өз өнерлерін шындау үшін бұлар колхозшыларға үш-төрт рет концерт қойып берді.

— Фестивальға біз де әзірленудеміз. Бұл мерекеге сыйымыз — еңбектегі табысымыз бен жақсы ән-биіміз болмақ, — дейді жастар.

Мына суреттегі биші Рәуия Әкрамованы көрдіңіздер ме? Ол кезекті концертке дайындалып жатыр. Басына киген тақыясы мен үстіндегі камзолы қандай жарасып тұр.

Баянның сүйемелдеуімен «Жайдарманды» билей жөнелгенде, буындары былқылдап, белі сан құбыла бүгіліп, сахна төрінде бейне бір суда жүзген балықтай қалқыды.

Рәуия бірнеше би үйренген. Солардың ішінде орыс билері, тау халықтарының «Черная стрелка» дейтін биі, «Қамажай» секілді қазақтың ұлттық билері де бар. Ол өнерін күн сайын жетілдіре түсуде.

Бұдан басқа өнер жоқ па бұларда? Әншілер ше! «Әндете жүріп, еңбек етеміз» — деп бекер айтпаған олар. Мал жайлап жүргенде болсын, үй ішінде болсын әрдайым шалқыта салған әсем ән әуезі естіледі. Бұл жайда жас коллективтің мақтан етер «бұлбұлдары» жоқ емес. Ол — қос Майра. Жұмақанова мен Құсманова. Демалыс күндерінде олар осы екеуін ортаға алып:

— Ал, кәне, бұлбұлдар, сайраңдаршы. Бір көңіл көтеріп қалайық! — деседі.

Өз құрбыларынан аянып, өнер іркетін екеуі ме, «сайра десен, сайраймыз» — деп, қосылып ап, не домбыраның, не баянның сүйемелдеуімен, болмаса патефонға еріп, шырқата жөнеледі.

Иә, жастар жүрген жер думан деген расау өзі. «Ән айтсақ, би билесек, шаршағанымызды да ұмытып кетеміз» — дейді олардың өздері де.

Жастықтың асылдығы да осы ғой!

Б. Мәдиев

Ұлан ауданы,

Шығыс Қазақстан облысы.

Абайды көңілдендіру үшін

Бір күні Абай Қыяспайдың ауылына келеді. Қыяспай Абай түскен үйге барады да, оның атын сұрайды.

— Онымен қайда барайын деп едің? — дейді Абай.

— Сізге соятын бір лак ұстайын деп едім, — дейді Қыяспай.

Абайдың ұлықсатын алып, оның атына мініп, қолына ұзын құрық алып, Қыяспай қотандағы көп лақтың оқшау жатқан біреуін қуа жөнеледі.

Лак қаша жөнеледі. Қыяспай лақты көп қуып, әні жеттім, міне жеттім дегенде, лақтың мойнына құрығын тастап кеп жібереді. Лак ауыр құрықты әлсіз ғана жұлқы-

ғанда, Қыяспай лак өзін аттан сүйреп түсіргендей, омақаса жерге құлап түседі. Құрықты сүйретіп лак, ерін бауырына алып ат кете барады. Қыяспай болса, лактан да, аттан да айырылып, ауырып қалған аяғын сылтый басып Абайға келеді.


Манадан бері Қыяспайдың лак қуғанын көріп отырған Абай шек-сілесі қатып күледі.

Қыяспай да мәз. Өйткені оның мақсаты Абайды лак сойып сыйлау емес, ренжіп, көңілсіз жүрген сүйікті адамын көңілдендіру еді...

Ел аузынан жазып алған

Б. САҒЫНДЫҚОВ,

Семей облысы.



Шайтан

ӘНГІМЕ

Бала кезімізде шайтан туралы небір қызық ертегілер мен қызу айтыстарды бастан кешіре беретінбіз. «Шайтан бар ма? Ол жоқ болса, кейбіреулер соны көрдік деп қалай айтады?» — деген сыяқты мазасыз сұрақтармен талай рет мұғалімдеріміздің де басын қатырып жүрдік. Мұғалімдер шайтанды жоқ дейді, оны дәлелдеп түсіндіреді. Сонда да кейбір балалар: «Пәленше әнеү күні шайтанды көріпті» — деп бізді недәуір нандырып та қоятын. Неде болса, сондай бір нәрсені мен де көрсем екен деген балалық анқау арман маған да тап болды. Көп ұзамай осы арманым орындалып та шықты.

Жаз күндерінің бірі еді. Төртінші класты бітіріп, каникулда жүрген кезім. Құмбазардың көлге тақалған ылдйына еккен шағын ғана бақшамыздың қауын-қарбызы жаңа пісе бастаған. Алты жасар інім Сағындық екеуіміз күнұзаққа бақшада болып, ымырт үйіріле үйге бет алдық.

Үй қыстау сыртындағы қабақта. Бақша мен үйдің арасы жарты шақырымдай-ақ жер. Біздің қайтар жолымыз бақшаның тап іргесінде жатқан қыстауды басып өтеді. Қыстау біткен аңырайып бос тұр: жұрттың бәрі киіз үйлерін тігіп отырған.

Қыстаудың шетіне келе бергенде, Сағындық әлденеден сескенгендей жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, маған жабыса жүрді. Бір кезде ол:

— Аға, түнде шайтан от жағып отыра ма? — деді. Мен күле жауап бердім.

— Не қылған шайтан? Шайтан деген жоқ нәрсе.

Сағындық менің жауабыма онша қанағаттана қоймаса да, батыл сөйлегеніме қарап, жүрегі біраз орынына түскендей болды.

— Сен қорықпайсың, ә? — деді ол тағы да.

Мен енді оның мазасыз сұрағынан бір-жола құтылғым келді де:

— Шайтан болмақ түгіл, жын болса да қорықпаймын. Ал, болды ма! — деп, кең жауап бердім.

Осы кезде қыстаудың қақ ортасымен өте-

тін үлкен қара жолға таянып қалдық. Жолға он-он бес қадамдай қалғанда жол жиегіне жағалай өскен үлкен түп ақ шенгелдердің ар жағынан бір от жылт ете қалды. Маңдайымнан мұздай тер бұрқ етті. Алға аттаған адымымды басар баспастан, қалшыйып қатып қалыппын. Жаңағы қорықпаймын деген батырлығым енді ғайып болғандай. Сағындықтың халі тіпті мүшкіл болса керек.

Бір кезде әлгі от сөніп қалды. Маңайда жан жоқ. Жұмбақ. Тіпті біз бөтен бір дүниеге келіп тұрғандаймыз. Қарсы алдымыздағы өзіміз күнде көріп жүрген таныс үйлер енді жоласаң жұтып жіберетін керемет сыяқты болып көрінеді.

Сөйтіп тұрғанда, ақ шенгелдің ар жағы тағы да жап-жарық болып кетті де, ғажайып аппақ шам шенгел үстіндегі ауада қалқып тұрып алды.

Мен қалай айқайлап жібергенімді білмей қалдым.

— А-а-п-а-а!!!

Маған ере Сағындықтың да адам шошырлық даусы шықты. Екеуіміздің даусымыз қосылып алып, алашұбар үрейлі үнге айналды.

— Аа-паа! — деймін мен. — Әй, апа!

Кейін кетейін десем, тұңғыйық көлден басқа барар жер жоқ. Тұра келе қашайын десем, әлдене бәле болады деп, онан да қорқам. Өзі шайтан болса, онан қашып қалай құтыларсың!

Қойшы әйтеуір, бір кезде үрейімізді ұшырған шам біржола сөнді-ау. Түнгі тымық ауаны қақ жарып: «Ә, не болды, кәне?» — деп ентелеп келе жатқан шешем маған осы араға ұшып келгендей болып көрінді.

Айналып-толғанған апама еріп, үйге келдік. Жаңа бұзаулаған ала сыйырдың уызын ортаға алған алты-жеті адамның ішінде Сералы деген жақын ағамыз бар екен. Ол кісі колхоз бақшасының маманы болатын.

— Я, батырлар, келдіңдер ме? — деп, Сералы ағай бізге қуақылана бір қарап алды да, күле отырып, үй ішіндегілерге бұрылып



сөйледі. — Бұлай бола қояр деп ойлаған жоқ едім. Басыма тартуға қалтамнан үлкен орамалымды ала бергенімде, орамалға оранған бос шырпы шашылды да қалды. Соны

теріп алу үшін отыра қалып, шырпыны шағып келіп жібергенім, қайдан келгендерін білмеймін, мыналар бөрінің бөлтірігінше шу ете түскені ғой. Енді өзім де сасып қалдым. Дыбыс беріп түрегелсем, онан жаман зәрелері ұшар дедім. Үш-төрт рет шырпы шағып, шырпыларымды тез-тез теріп алдым да, бұларға көрінбестен, шенгел-шенгелдің тасасымен жүріп отырып, басқа жақпен айналып осында келдім, — деп сөзін бітірді.

Әкем, іші жақтырмаса да, Сералыға ештеңе дей қойған жоқ. Шешем қайнысының дәлеліне қарамай оны жазғырып, бірталай кейіп алды. Ал, біздер, балалар, Сералының әлгі сөзінің шын екенін, болмаса бізді қорқыту үшін әдейі істеген ісі екенін біле алмадық.

Сонымен не керек, шайтан деген осындай болады екен.

Ә. Әленов.

Арал қаласы.

ШӘКІРТТІҢ ШӘКІРТІ

Әмір сабақтан келді де тамағын ішіп болып, сумкасын ақтара бастады. 7 жасар інісі Кемел онан көз айырмай қарай қалды. Әмір сумкасынан бір парақ қағазды алды да, оны қат-қабаттап шебер бүктей бастады. Әні-міне дегенше қағаз гармонь дайын болды. Айнымаған гармонь. Тартқанда созылады да, қысқанда бірте-бірте жыйрыла кетеді.

— Кәне, маған берші, мен де тартып көрейін! — деп жата жабысты Кемел. Бірақ, Әмір бірден бере қоймады. Ол:

— Ақысына не бересің? — деп гармоньын көлденең ұстап, інісінің көзін қызықтыра түсті.

— Айтқаныңды берейін.

— Қарашы, өзінің айтқаныңды берейін деуін, сенің қолыңда тұрған не бар?

Кемел өкпелеп, ұртын томпайтып, үнсіз отырып қалды. Маңдай терісі қыртыстанып, жазыңқы қабағы жыйырылып, қысыңқы қара көздері жиірек жыпылықтап, келте танауын қос-қостап тарта берді. Тіпті сәлден кейін жылап та жіберетіндей.

Мұны аңғарған Әмір гармоньын ұсына қойды. Інісі іле көңілдене қалды. Әмір көп айланбай-ақ екінші гармонь істеуге кірісті.

— Мынауым жыртылып қалса қайтемін, — деді Кемел Әмірге қарап.

— Онда жаңасын жасау керек.

— Қайтіп жасаймын?

— Менен үйренбейсің бе? Алфавитті үйреттім ғой, енді мұны да үйретемін. — Сонымен олар екеуі бірлесіп гармонь істеуге кірісті. Ағасының қолынан көзін аудармай отырған Кемел көп кешікпей-ақ өзінше гармонь істей бастады. Рас, алғашқылары тіпті нашар болып шықты. Бірақ оның да шеберлігі бірте-бірте арта бастады.

Демалып болғаннан кейін Әмір кітабын оқуға кірісті де, Кемел гармонь істеумен болды.

Кемел кешкісін қызметтен келген папасына, гармоньын көрсетіп, оны істеуді Әмірдің үйреткенін мақтана айтты. Мұны естіп отырған Әмір:

— Папа, сонда Кемел менің оқушым болғаны ма? — деп сұрады.

— Я, солай деуге де болады. Бірақ дұрысында сен өзін оқушысын, 2-класта оқыдың, яғни, шәкіртсің. Сондықтан Кемелді шәкірттің шәкірті деп атаған жөн. Бұдан былай да ініңе білгенінді үйретіп жүр. Бәрі де үйренумен болады, — деп екеуіне күлімсірей қараған папасы ұлдарының басынан сыйпады.

Шымкент.

Ж. Еділбаев.

Фестиваль

БҰЛ — ПИОНЕРЛІК ІС

Аға пионер вожатыйы Рымтай мектепке келгенде оқушылар түгел жыйналып, оны күтіп отыр екен. Бәрінің қолдарында күрек, кетпендері бар. Кешегі жыйналыста ескерткен жайды барлығы да ұмытпаған секілді. Оқушылардың жайдары күлкілерін, бір-біріне айтқан әзілдерін алыстан естіп келе жатқан Рымтай іштей қуанды. Вожатыйдың өздеріне қарай бұрылғанын көріп пионерлер әдеттегі тәртіп бойынша линейкаға қаз-қатар тұрыса қалысты. 6-класс оқушысы, отряд советінің председателі Шымырбекова Тыныштық барлық өз достарының атынан вожатыйға салют беріп:

— Фестиваль ағаштарын егуге дружина дайын. Дружинадағы пионерлер саны — жетпіс. Келмей қалған ешкім жоқ! — деп хабарлады.

Кәдімгі бір үлкен жорыққа әзірленгендей құрал-жабдықтарын қолдарына, ұстап сапта үнсіз тұрған жас достарын көргенде вожатыйдың жүрегі шексіз бір қуанышқа бөленіп:

— Бәрің де дайынсыңдар ғой, балалар?! — деді.

— Дайынбыз!

— Түскі тамақтарыңды алып келдіңдер ме?

— Алып келдік, — деді барлық оқушы бір ауыздан.

Көп кешікпей-ақ оқушылар сап түзеген бойы мектептің тәжірибе участогіне қарай бет алды. Ұясынан жаңа ғана шыққан күн сәулесі жер бетін жалқын нұрымен орап алған. Жасыл реңінен әлі ажырай қоймаған тау етегіндегі ағаштардың жапырағындағы шық моншақтай мөлдірейді.

Оқушылар манадан үнсіз жүріп келе жатыр еді, вожатый кенет:

— Балалар, бұларың не, жұмысқа кіріспей жатып шаршап қалдыңдар ма? — деп көңілдене күлді. — Неге ән айтпаймыз. Ал, Айсұлу, лагерь жырын бастап жібер! — Айсұлу да осыны күтіп келе жатқандай қоңыр даусымен шырқай жөнелді. Сапта келе жатқан пионерлердің барлығы да бірден қосылып ән ырғағын созып көтеріп әкетті. Ән шырқаған барлық бала Талғар селосының күн шығыс жақ сыртындағы мектептен 4 километрдей қашық жатқан тәжірибе участогіне қалай келіп жеткендерін де байқаған жоқ.

Бұлар келгенде көшетке кеткен машина әлі оралмаған екен. Оқушылар жыйналып участок шетіндегі көгалға отырысты. 6-класстың оқушысы Ақан Нүсіпов вожатыйға:

— Римма Жақыповна, кеше дружина жыйынында фестивальдің Москвада өтетінін айттыңыз. Мен фестиваль дегеннің өзіне түсінбедім. Ол не? — деп сұрады.

Рымтай сәл ойланды да пионерлерге қарап:

— Кәне, осы сұраққа қайсың жауап бересіңдер? — деді.

Ешкім суырылып шыға қоймады. Вожатый кенет жүзін жадыратып:

— Балалар, біздің сүйікті әнші артистеріміз Роза Бағланова, Байғали Досымжановтар ғой жастар мен студенттердің фестивалінің лауреаттары, сендер оны білесіңдер...

— Білеміз! Білеміз! — десті барлығы да бірауыздан.

— Демек, сол кісілер бұрын Варшава мен Бухарест қалаларында болған студенттер мен жастар фестивальдарына қатысып, ән салудан үздік шыққандар.



қарсаңында

— Ол түсінікті, — десті оқушылар тағы да бірауыздан жауап қайтарып.

— Ол түсінікті болса, фестиваль дегеніміз жастықтың, достықтың мерекесі. Оған жер шарының түкпір-түкпірінен адал ниетті жастар мен студенттер қатнасады. Фестивальға қатысқан жастар өздерінің әншілік, бишілік шеберліктерін, спорттағы әралуан өнерлерін ортаға салады. Сол фестиваль быйыл Отанымыздың астанасы Москвада өткізіледі. Енді түсіндіңдер ме?

— Түсінікті, Римма Жақыповна!

— Басқа сұрақтарың бар ма?

— Менде бар! — деді шетте тұрған орта бойлы, қызыл шырайлы Қастенбаева Ақжолтай.

— Айта ғой!

— Сол фестивальға сіз барасыз ба, Римма Жақыповна!

Вожатый күліп жіберді.

— Оны уақытында көрерміз! Кәне, іске кірісейік.

Сұрағына жөнді жауап ала алмаған Ақжолтайдан басқа пионерлер машинаға қарай дүркірей бет алды. Вожатый басқалардан кейін қалып аузын томпайтып үнсіз тұрған Ақжолтайдың қасына келіп:

— Ой, Ақжолтай, өкпелеп қалдың ба? Фестивальдың басталуына әлі көп уақыт бар. Мүмкін, аудандық комсомол комитеті жіберсе барып қалармын. Егер мені фестивальға барсын десең, жұмысты жақсы істе, — деді.

Істің мәніне енді ғана түсінген Ақжолтай машинаға қарай жүгіріп кетті...

Дружина он адамнан жеті бригадаға бөлінді. Биология пәнінің оқытушысы Қуаныш Әмірғазиевтің кеңесі бойынша балалар көшеттерді тәжірибе алаңына қаз-қатар тіге бастады. Түс ауа 500 түп ағаш түгелдей тігіліп бітті. Белгіленген жұмыс та аяқталды.

Қаз-қатар тігілген жас талдарға үнсіз қызыға қарап қалған вожатый: «Мынау тігілген талдар жаңа туған жас балаға қандай ұқсайды. Бұлар да сондай мәпелеп күтуді,

тәрбиелеуді керек етеді. Егер, уақтылы суарсаң, күтсең, ертең-ақ жапырақ жайып, саялы, сәнді тоғайға айналады» — деп ойлады.

Сол фестиваль ағаштарын тәжірибе алаңына еккелі, міне, 8 айдай уақыт болды. Көктем күнінің шуағынан нәр алған жас талдар жапырақ жайды. Бұлардың иелері — пионерлер. Олар өздері отырғызған фестиваль ағаштарын мәпелеп күтуде.

Мектепте жекелеген класстар да фестивальға өздерінше әзірлік жасауда. 6-класс оқушылары ауданда өткізілетін фестивальға арнап класс кітапханасын ұйымдастырды. Бұл кітапхананың кітап қорын оқушылар өздері сатып алып толтыруда.

Март айының ішінде мектептің көркемөнерпаздар үйірмесі аудан маңындағы «Қызыл ту», «Қызыл қайрат» колхоздарына барып ойын көрсетті. «Фестиваль — достықтың айнасы» деген фото-монтаждар ұйымдастырылды. Осындай игілікті істердің қанат жаюына вожатый Рымтай Жақыпованың да қосқан үлесі қаншама десеңізші!

Т. Мұратов.

Талғар қазақ орта мектебі.
Алматы облысы.





Дау жысық

ӘНГІМЕ

I

Ертай дабырлаған дауыстан оянып кетті, сөйлеп отырған мамасы екен. Столға шынтақтап ол танымайтын бір жігіт отыр. Мамасы соған сөйлесе керек, үнінде кейістік бар.

— Қандай документ екенін білдіңіз бе?

— Білмедім. Чертеж бе, не жердің планы ма, сол сыяқты бірнәрсе, әйтеуір...

— Қызық қой ол. Мынау хатта түк те айтпапты! «Кеше бір документтерімді жоғалтып, соның кесірінен үйге бара алмадым.» — депті.

— Осы хатты тапсыруға бұрылған едім, енді жүрейін.

Жігіт селқос орнынан тұрды.

— Тоқтаңыз! Мен де сізбен бірге барайын, кім біледі, онда керегім болар...

— Алақай, мен де барамын!

Шалбарының бір балағын киіп, екіншісі қолында, қуанып кеткен Нұртай да секіріп-секіріп түсті.

— Мен де!

Кроватынан простиңасын сүйрете түскен Ертай да мамасының етегіне орала кетті.

— Ой, онда папаларың документін жоғалтып сандалып жүрсе... Көрсетейін сендерге!

Папамыз документі жоғалғанға несіне сандалады. Әлде мамамыз бізді ала кетпеу үшін әдейі айтып тұр ма екен. Осы оймен Ертай аңырып мамасының бетіне қарады,

бірақ оның жүзінен күлкі нышанын көре алмады.

— Мен сендерге қаздың балапанын әкелемін, — деді мамасы киініп жатып, асыға сөйлеп, — Балапан болғанда қандай, кәдімгі тірі балапан!.. Кастрюльде пісірген жұмыртқа бар. Нан керек болса тартпадан алыңдар. Мынау сауытта конфет пен пряник тұр. Көршілерге де тапсырамын, мен келгенше ұрыспай-қағыспай ойнаңдар. Нұртай, сен бөпеңе тиіп жүрме!..

Далада машинаның гудогы естілді де, мамасы сөзін де аяқтай алмай соған жүгірді. Машина келгенге қуанып кеткен Ертай столға қарғып шығып, терезеге жабысты.

— Мама!

Мамасы кабинада отыр, шоферға әлдене деп сөйлейді... Бірақ, машинаның гүр-гүр еткен даусы Ертайға түк естіртпеді. Ол мамасына қоянның көжегін ала кел демек еді, үлгірмеді. Машина жылжып жүре берді.

II

Күндегі әдеттерінше олардың өздері киінді. Сосын барып үйелмелі-сүйелмелі екеуі тату-тәтті далаға шықты. Бұлардың көптенгі досы — көрші үйдің ақ күшігі аула ішінде жүр екен. Ертайды көріп қуанып арсалаңдап келіп басына секірді. Мәз-мәйрам Нұртай ақ күшікке жармаса кетті, бірақ күшікті мойнынан құшақтап үлгірген Ертай жібере қоймады.

— Бер, маған!

— Бермеймін, өзімдікі.

Нұртай кеудесінен итеріп қалып еді, Ертай омақаса құлады. Долданып кеткен ол күшікті сонда да жібермеді.

Күшікке енді жармасудың пайдасыздығын сезе қойған Нұртай одан өрі ұмтылмады және мамасының кетерде айтқаны есіне түсті.

— Көрерсің, — деді ол қыр көрсетіп, — мамам балапан әкелер, мен де бермеспін.

Ертай аңырып қалды. Қаздың балапанының қасында күшік деген не? Өрі бұл екеуінікі де емес, көрші үйдің күшігі ғой. Ол мамасы кеткен жаққа қарады.

Күшіктен күдер үзген Нұртай енді үйге

жөнелді. Ойлағаны сотқарлық. Қобдыйшадан Ертайдың ойыншықтарын алып қашып, оны ыза қылып, жаңағы кегін қайтармақ. Бұл қобдыйшада нелер жоқ дейсің: Мұнда Чапаевтың ақбоз аты да, қоян да, түлкінің баласы да, папасы әперген түйе де, кішке-не автобус та, мамасы жақсы көретін қуыршақ қыз «Маша» да — бәрі де бар. Осынша көп ойыншық қойнына сыймады да. Ұзақ әуреленіп, ойыншықтарды далаға алып шықты. Бірақ, Нұртай даладан Ертайды да, ақ күшікті де таба алмады. Ертайсыз бұл ойыншықтардың қандай қызығы болмақ?

— Ертай, Ертай! — деді ол дауыстап.

Үн жоқ. Тығылып қалған ғой қу. Әншейінде жасырынбақ ойнағанда Ертайдың көп тығылатын жерлері, қақпаның арты, көрші үйдің ас бөлмесі болатыны Нұртайдың есіне түсті.

Бірақ, Ертай ол жерлерден де таптырмады. Әбден әуре-сарсаң болған Нұртай, енді қайдан іздерін білмей дағдарып тұрғанда, көзі қабырғаға сүйеулі басқышқа түсті.

Нұртай көп ойланып тұрған жоқ, басқышқа аяғын салды. Баспалдақтарының арасы алшақ екен. Нұртайдың бұты әзер жетеді, осынша биік басқыштан қорықпай үй үстіне шыға келгеніне ол мез-мәйрам.

«Құлап өлесің деп еді, мамамыз алдаған екен ғой», — дейді.

Үй үстінде, әрине, екі-үш мүжілген мұржадан бөтен ол қызығарлық ешнәрсе жоқ. Бірақ, оның есесіне, бүкіл қыстақ алақандағыдай көрінеді екен.

Әне, бағана мамасы кеткен жақ. Папасы да сонда, ол жақта құс та, балапан да көп, тіпті, қаздың өзі де бар.

— Мамам қазір келеді, балапан әкеледі. Машинамен папам да келеді.

Қыялының қызығына берілген ол, осылайша өлеңдетіп, үй төбесінде билей берді.

— Әй, сен қайда жүрсің?!

Көрші үйдің кемпірін көрген Нұртай тоқтай қалды.

— Үйдің үстінде жүрмін.

— Я, саған үй үстіне шығуға кім ұлықсат етті?

— Мен, өзім...

— Шапшаң түс, құлап өлесің!

— Жоқ, құламаймын, мұнда тіпті жақсы.

— Мен саған түс деп тұрмын ғой. Әйтпесе, басқышты алып кетіп, түсірмей қоярмын сені.

Қандай ашулы кемпір өзі, кісіні өз үйінің үстіне де шығармайды. Шынында да, басқышты алып кетіп түсірмей қояр ма екен?

Ол кемпірдің басқышқа жақындап келе жатқанын көріп қорқып кетті...

— Қазір!.. Қазір!.. Түсемін мен!

— Әлгі кішкентайың қайда?

— Ол жоқ...

— Қайда кетті?

— Білмеймін, — деді Нұртай томсарып.

— Бұл неткен балалар, жарандар-ау. Шешелерінің кеткені де жаңа. Мен бұзауымды өріске айдап қайтқанымша мынаусы үйдің үстінде жүр. Ал, кішкентайының қайда лағып кеткенін кім білсін.

III

Бұл кезде Ертай үлкен қара жолмен балапандай басып бара жатты. Жолдасы ақ күшік бірде шоқыйып отырып қалып, бірде жортып алдына түседі. Екеуі де өздерінің бұл саяхатына әбден риза, көңілді келеді.

Үйден шыққанда Ертайдың ойы Нұртайдың зорлығын айтып, мамасына шағыну еді. Бірақ, өз ойының қызығына берілген ол былай шыға бәрін де ұмытты. Енді тек папасы мен мамасына тезірек жетіп, қаздың балапанына тезірек ие болғысы келді. Өмірі көрмеген сол балапан оған бірде үлпек жүнді тауықтың шөжесі сыяқты болып көрінсе, бірде ғажап үлкен, тіпті өзін де көтеріп ұшатын құс болып елестеді. Ол соған мініп аспан әлеміне де көтерілді. Өз қыялының қызығына берілгені соншалық, Ертай жолдан шығып, қайдағы бір жалғыз аяқ соқпаққа түскенін де аңғармады.

Бұл соқпақ оларды ғажап бір қалың тоғайға алып келді. Жолдың екі жағы жарыса өскен тораңғы екен. Кейде қылқанды қыясық бұтақты сексеуіл де кездеседі. Бұл жердің бұтасы да ерекше — тікенекті бұта екен. Жолдан сәл шықсаң осып алады. Ертай бір рет қолын да тырнатып алды, қалақайдың тікені қандай ащы, бірақ ол жылаған жоқ.

Әрине, Ертай бұл келе жатқан жерінің Тораңғылы тоғай аталатынын, оның ұзыны — 50—60 километр, көлденеңі — 20—25 километр екенін білген жоқ, білгісі де келмеді. Бұл тоғайда қасқыр, сусар, түлкі, күзен сыяқты аңдар жайлайтынын да білмейтін. Әлгінде ақ күшік құлағын едірейтіп, әлденеге арс еткенде, қоян көргенін де түсіне алған жоқ. Ол ешнәрсе де көрген жоқ, ең аяғы шөптің тысырын да аңғарған жоқ. Сондықтан, Ертайда бұл келе жатқан жерімде қорқынышты бірдеме кездесер-ау деген ой да жоқ.

Жалғыз аяқ соқпақ жіңішкере-жіңішкере келіп жоғалды. Кенет, көк майсалы, кең алқап басталды.

Бұл кезде күн де еңкейіп, көкжиек алауланған алқызыл шапаққа бөлене бастап еді. Бір қарақұс қанатын анда-санда қағып қо-

йып, төбесінде қалықтап жүр. Әне, бір ағаштың қыйсық бұтағында кішкентай құс сайрайды. Әлгі мамасы айтқан қаздың балапаны осы емес пе екен? Шіркін, ұстап алар ма еді өзін.

Ол бұрын-соңды мұндай әнші құсты көрген жоқ еді, енді қызыға қарап қалшыйып қалды. Кенет ақ күшік арс-арс етті де, жалт қараған Ертай алдындағы бұтадан секіріп



бара жатқан ұзын құлақ бірдеңені көрді, бар даусымен бақырып жіберіп, бетін қолымен басып отыра кетті.

Оның неге бақырып жібергенін, неге құлағанына түсіне алмай, ақ күшік аңырып біраз тұрды, сонан соң құйрығын бұлаңдатып қасына келді. Ол, әрине, Ертайдың қорқып кеткенін білген жоқ, егер біле қойса:

— Қой, Ертай, жылама. Онан қорқатын не бар, ол кәдімгі қоян ғой... Ұзын құлақ қоян,— деген болар еді. Мүмкін, оның солай дегісі келген де шығар, бірақ оны айтатын тілі болмады.

— Мама! — деді Ертай ышқынып.

Бұл тоғай өзіне таныс балалар бақшасының ауласы емес екенін, мұнда қорқынышты бір нәрсе бар екенін ол енді сезінді. Бірақ, Ертай бұл маңайда ақ күшіктен бөтен өзін жұбататын ешкім жоқ екенін білмеді. «Қазір менің даусымды мамам естиді, сонан соң көмекке келеді», — деп ойлады.

* * *

Үй іші қатты әбігер. Ертайдың жоғалғанын алғаш есіткенде жан ұшырып есін тана жаздаған Әмина жеңгей, егіл-тегіл жылап отыр. Ауылдың бар адамы әбігер боп, Ертайды іздеп кетті.

Ертайдың жоғалуы тап осынша қайғы әкелер деп ойламаған Нұртайдың зәресі ұшты. Ол мамасына жақындауға қорықты, ол — күндегі мамасы емес, әлдеқандай бір үрейлі бейне сыяқты еді. Онсыз да үрейлі үйдің іші, біріне-бірі кезек бермей жарыса сөйлеген әйелдердің үніне толып, у-шу самбырлап кетті. Папасы Ертайдың жоғалғанын естіп, қасына бір кісі ертіп келген екен. Үстіне оңған көк куртқа киіп, беліне патронтаж буынған, иығында қос ауыз мылтығы бар бұл түсі жұрттан аса айбатты кісі екен.

— Мен лагерьден жаяу келдім. Кешегі сумканы іздеп қанша жерді шарладым. Бірақ, мынау оқыйғадан менің хабарым болмады ғой, әйтпесе, маған орман ішінде бір баланың, күшіктің ізі кездескен еді, — деді әлгі бейтаныс адам.

— Баланың ізі! Қайдан?!

— Бала қара жолмен барып Тораңғылы тоғайға бұрылған сыяқты.

— Тораңғылы! — деді үйдегілер шу етіп.

V

Ертай елегізе оянып, жан-жағына қарады. Ақ күшік әлденеге мазасызданып қыңсылай берді. Ертайды шыр айналды.

Құба талдан тысыр естіліп, кенет бір аңның басы қылтыйды. Ертай әуелі мысық шығар деп қалды, мысық болғанда да дәу мысық. Үлкендігі иттен бетер, тықыр жүнді, шұп-шұбар. Мысықша еппен басып тал арасынан шыға келді де, бұларды көріп тұра қалды. Мысықтың мұнша үлкендігіне Ертай таң қалды, ол құлағын жымып жата кеткенде, еркелегені ме деп қалды. Бірақ, мысықтың сұқтанған көзінде бір суықтық бар. Ертай қорқып кетіп шыр ете түсті.

Тап сол сәтте, мылтық гүрс етті де, шығыршықталып кеудесін енді көтере берген аң омақаса құлады. Ертай оны көрген жоқ, мылтық даусынан есі кеткен ол, үн шығармай бетін басып жерге жабысты.

Бұл — жолбарыс еді.

— Қорықтың ба, Ертай?

Кім бұл? Кім де болса адам ғой. Бірақ, Ертай басын көтеруге батылы жетпеді. Кенет әлдекімнің аялаған жұмсақ қолы басын сыйпағандай болды.

Сәлден кейін Ертай мәз-мәйрам, папасының құшағында тұрды.

3. Шүкіров.



А С Ы Қ

К ӘНГІМЕ

Жеті жасар Миранш інісі Болатты ертіп көшеге шықты. Күн ашық, аспанда шөкімдей де бұлт жоқ. Жақында қар еріп жер енді ғана құрғай бастаған. Таза ауа, шақырайған күн сәулесі, сылдырап аққан су балалардың делебесін қоздырып, асыр салып ойнауға түрткілеп тұр. Миранш, әсіресе, Болат бас салып аунап, зыр қағып жүгіре жөнелуден өзін өзі әрең ұстап келеді.

— Ей, қайда барасындар? — деген дауыс шықты бүйірдегі көшеден.

Қолында сумкасы бар Сейтжан бұларға қарап маң-маң басып келеді. Сейтжан Миранштан бір жас үлкен. Өзі бірінші класта оқыйды. Сондықтан да, ол бұл үшеуінің ішіндегі ең ақылдысы есепті. Осыны сезінетін ол, әрдайым кездескен сайын үлкендігін білдіріп, ретті-ретсіз мұрнын шүйіре қалатын-ды.

— Жай... Әншейін... — деді Миранш досының қолындағы сумкасына қызыға көз салып.

Бұл сумка Миранштың нағыз асыл жері. Оны көрсе болды, өзінің былтырғы мектепке барғаны, бірақ, оны жассың деп алмай қойғаны, онан жылап-еніреп қайтқаны есіне түспей қалған емес. Осы жолы да, белгісіз біреу кеп жазылмаған жараның аузын тырнағандай боп сезінген Миранш көзін сумкадан зорға айырды.

Ал, Болат, болса, папкаға көз де салған жоқ.

— Өзіңнің қалтаң томпайып тұр ғой. Не бар онда? — деді Сейтжан Мираншқа.

Қалтасында не барын әп-сәтте айта қоятын Миранш па. Ол Сейтжанға сезіктене қарап, қалтасының аузын қос қолымен қымтай түсті.

— Ал, не бар, таба ғой?

Сейтжан ойланып, не барын тауып, даналығын көрсетем дегенше болған жоқ, Болат:

— Асық бар! — деп, айтып салды.

— Е, асық па?... — деді Сейтжан, осындай майда-шүйде нәрсені сөз еткенін өз бойына лайық көрмей.

Сейтжан үшін асықтың ешбір құны болмаса да, Болат үшін асық асыл қазынадай еді.

— Миранш, қызым сақанды берші! — деп қыңқылдай бастады ол.

Анау бергісі келмей, біраз қыйпақтап көріп еді, Болат бер, бердің астына алып болмады. «Болатты жылатушы болма» деген шешесінің сөзі есіне түсіп, Миранш ақыры амалсыз көнді.

Қолына сақа тиген Болат бұрылып алып кетуге оңтайланды.

— Қайда барасың? — деп сұрады Миранш.

— Базарбайға. Асық ойнаймын.

Асығын ренжи-ренжи берген Миранш мұны естігенде іші күйіп кетті. Базарбайдың ұтып алатындығына сөз жоқ.

— Кел, онанда екеуміз ойнайық, — деді ол мұнша байлықты қолынан шығарғысы келмей.

— Сен ұтып аласың.

— Жоқ, ұтып алмаймын.

Болат сәл сеніксіремей қыйпақтап тұрды да, бірақ Миранштың қалтасынан шыққан небір әдемі асықтарды көріп, тез көнді.

Сейтжан бұлардың таласын немқұрайды пішінмен бақылап тұрған-ды. Бірақ ойын қыза келе мұны да мазалай тынышын кетірді. Ол енді өзі ойнамаса да ойнаған екі жақты да қадағалап, олардың қатесін тауып, «Ә, шіркін, мен болсам былай атар едім» деп қарадай тұрып делебесі қоза бастады.

«Мен де ойнасам қайтер еді» деген ой кірді оқушымызға әлден уақытта. «Мен тек бір-ақ рет ойнаймын. Сонан соң мүлдем ойнамаймын» деді ол өзін-өзі ақтап.

— Миранш, маған да асық берші, — деп өтінді ол ақыр соны.

— Ал, асық үшін сен маған не бересің?

Сейтжан асық үшін не берерін білмей, дағдарып қалды. Сәлден соң оның есіне артық бас қаламұшы түсе кетті.



— Мә,— деді ол Мирашқа қаламұшты ұсынып.

Мираш ойынды тоқтатып қойды да, қаламұшты байыптап қарай бастады.

— Мұндайдың маған керегі жоқ!

Бұрынғы, бұрынғы ма. Асығы болмай, ойыннан тыс қалуы Сейтжан үшін енді ауыр азапқа айналды.

— Мынаның керегі бар ма? — деді ол, сумкасынан ең қыймас затты — суретті кітапты суырып алып.

Кітапты көргенде, әсіресе, оның ана сумка ішінен шыққанын көргенде, Мираш та қуана кетті. Қуаныш үстінде ол кітап үшін бір асықты артық та берді.

Сонымен, Сейтжан қосылған ойын қайтадан басталды.

Мираштың ойнағаны қызық-ақ. Оның дөп-дөңгелек толықша беті еңкейген сайын қызара бөртіп, ісінгендей болады. Ал, өзі бір орында тағат таппай басқалармен қақтығысып, соқтығысып, әлектеніп жүргені...

Сейтжан олай емес. Оның ерні дамылсыз жыбырлап, көздері асыққа емес, ашық жатқан кітапқа қарағандай бақырайып бір көздегеніне бір жыл өтеді. Ол әлгінде ғана, өзі ойнамай тұрған кезде, Мираш немесе Болат бір қателік жіберсе, сол кеткен қателікке айдалада тұрып қынжылып, оның қайталамауын шын көңілімен тілеуші еді. Енді олай емес, басқалар қателесті дегенше, жүрегі жарылғандай қуанады.

Ал, Болаттың тақыр басына нешестүрлі әдіс-айла ұялап алған. Мына екеуін қайткенмен де ұтпақ болып жан салады. Ұтылып бара жатса бақырып жылап, қыйғылық шығаруды да әлдеқашан ойлап қойды.

Бұлардың ойыны қашанға шейін созылар еді, кім білсін. Бірақ төтеден бір оқыйға килікті. Сейтжан енді ғана көздеп, енді ғана ерні жыбырлай бастаған еді. Мираш Болаттың аяғын басып кетіп, анау енді ғана бақырмақшы боп, аузын аша берген мезетте көшенің аяқ жағынан шуылдаған балалар даусы естілді. Сөйткенше болған жоқ, екі дай боп бөлініп, футбол қуған балалардың өздері де көрінді.

Оларды көрген Мираш, алғашында қалт етіп тоқтай қалып, сонан соң ыржыя күліп, «О, футбол» — деді де, қолындағы асықтырын Болатқа бере салып, тұра жүгірді. Футболды көрген Сейтжан да, енді бір тыйынға алғысыз болып қалған асықты атып ұрды.

Тек Болат қана не болғанын алғашында аңғармай қалып, сәл тұрды да, футбол жаққа далбақтап жүгіре жөнелді. Әлгі жерде, енді ешкімге керегі болмай қалған асықтар шашылып жатты.

О. Бодықов.

Қызылорда облысы.

Т. АЙДАРОВ.

Ж Е Л Д Е

Далада жел үілдейді, тынбайды,
Ызыңдары тартқандай бір сырнайды.
Үйде отырған Омарбекті шақырып,
Жас теректер басын жайлап ырғайды.

Жапырақтар қалтырайды, ұшады,
Бұрқырайды шөп-шалаңның ұсағы.
Ашық тұрған терезенің пердесі,
Көтерілді желге толып құшағы.

Көше бойлап анадайдан бір қаңбақ,
Келе жатты аласұрып қалбаңдап.
Жарысам деп қаңбақпенен жүгірді,
Омарбек те үйде отырған алаңдап.

Шапшаң басып қатарласып жүгірді,
Қаңбақ сайға жасырынып үлгірді.
...Масаттанып:— Оздым, әже, қаңбақтан,—
Деп Омарбек әжесін бір күлдірді.

Кузовына жолаушылар тола мінген машина, Қаралаткөл деген көл табанымен жүріп келе жатыр. Бұл күнде көлдің суы кеуіп, табаны қалың шабындыққа айналған. Күн тымырсық ыссы. Ұзақ жолдан шаршаған жолаушылар үнсіз маужырайды. Манадан бері қалада көргендерін айтып жұртты күлдіріп келе жатқан ең кішкентай жолаушы төрт жасар Марат та, папасының тізесіне басын сүйеп, ойыншық көбелегін айналдырып үнсіз отыр. Машина үстіндегі осы тыныштықты кенеттен біреудің «балапан» деген даусы бұзып жіберді. Мүлгіп отырған жолаушылар бұл тосыннан шыққан дауысқа жалт қарастық.

— Эне балапан, қаздың балапандары! — деді алдыңғы орында отырған жолаушы еліре дауыстап, — ұстап алайық!

Айтқанды естіп, шофер машинаны тоқтатты. Біз машинадан түсе-түсе қалып, қалың көк бидайықтың арасымен балапандарды қуа жөнелдік. Көп әуреленбей-ақ балапандарды ұстап алыстық. Аналық қаз біздің тас төбемізде шыр айналып ұшып жүр, бірақ онымен ешкімнің ісі болған жоқ, балапандарды тамашалап мәз болысудамыз.

— Бір айдан соң екеуі екі қуырдақ болады, — дейді шофер қолындағы қаздың сапсары балапандарына сүйсіне қарап, — оған дейін балам ойнайды.

Мен де екі балапан ұстаған едім, бірін Маратқа бердім де, екіншісін ауылдағы ініме апармақшы болып, етігімді шешіп шұлауыма орап қойдым. Марат балапанға мәз болып қуанып, үйіне барғасын оны суға жүздіретінін, өскесін дуалдан асыра ұшыратынын айта бастады. Мен қолымдағы балапанға қарадым, ол қорыққанынан дір-дір етеді. Кішкене жалпақ қызыл тұмсығын ашып ысылдайды. Қысқа канаттары әлі ұшуға жетілмеген. Балапан оқыйғасынан кейін жолаушылар біраз сергігендей болып, оны-мұны әңгімелер айтып келе жатты.

— Мына қызықты қараңдар! — деді жолаушылардың бірі таңырқай дауыстап, машинадан қалмай ұшып келе жатқан манағы аналық қазды көріп.

Бұл кезде машина балапандарды ұстаған жерден үш шақырымдай ұзап кеткен болатын. Жолаушылар бұған әрі таңданып, әрі қаздың баласына деген махаббатына қайран қалысты. Мен қолымдағы балапанды сыйрағынан ұстап жоғары көтердім. Осы кезде аналық қаз баласына тиер-тимес бо-

АНАЛЫҚ ҚАЗ



лып, өте төмен ұшып, дәрменсіз аянышты дауыспен қаңқ-қаңқ етті. Анасын көрген балапан да «жібер» дегендей бұлқынып, шыр-шыр етеді.

— Балаларын жіберейік, — деді жолаушылар аяныш білдіріп. Бұл ұсынысқа бірінші көнген Марат болды, ол папасының қойнына тығып қойған балапанды суырып алды да, жерге түсіруге ынғайланды.

— Тоқта, Марат! — дедім мейраған, — егер бәрін жыйнап бірге жібермесек, әрқайсысы әр жаққа кетіп анасы таба алмай қалады.

Кабинаны біраз ұрғаннан кейін машина тоқтады.

— Немене боп қалды? — деді шофер машинаны қайта-қайта кідірте бергенге ренжіп.

— Тоқтай тұр, балпандарды босатайық деп едік, анасы соңымыздан қалмай ұшып келеді.

Машина тоқтасымен қаз да анадай жерге қонып, бізді бақылай қарап отырды.

— Қап, мылтықтың жоғын-ай! — деді шофер өкініп қонып отырған қазға қызыға қарап.

— Ағажан, атпаңыз! — деді Марат шоферге жалынышты үнмен, — мамасы өлген соң балапандарды кім асырайды?

Оның бұл сөзіне жұрттың бәрі ризалық білдіре ду күлісті. Мен балапандарды жыйнай бастадым. Ақыры қолындағы екі балапанды беруге шофер де келісті. Біз Марат екеуміз балапандарды шинелге орап, машинадан түсіп, қонып отырған қазға қарай алып жүрдік. Бізді көріп қаз ұша жөнелді де, ұзамай барып тағы қонды. Балапандар босанған күйде-ақ жүгірісе шөптердің арасына кіріп жоқ болды.

— Аға, оларды мамасы тауып ала алар ма екен? — деді Марат маған жалтақтай қарап.

— Жүр, қазір біз кеткен соң, тауып алады, — дедім мен оны қолынан жетелеп. Бірақ, ол машинаға жеткенше сенімсіз түрмен артына бұрылып қараумен болды. Машина қозғалысымен қаз біз балапандарды босатқан жерге келіп қонды да, қаңқылдай бастады. Машина әудем жер жүрмей-ақ қаздың маңында жыбырлап жүрген балапандарды жұрттың бәрі көрді.

— Тапты, тапты, — деді Марат қуана алақанын шапалақтап. Біз Мараттың қамқорлық жүрегіне риза болыстық.

Ә. Төлемісов.

Евгений Пермяк

Ертегі

Қарт мастердің, неше жылдан бері ішінен шай ішіп келе жатқан стаканы шырт жарылды. Қарттың қарынаяғы болған стаканын тастауға көзі қыймай оны жіппен шанды да:

— Оқасы жоқ, ештеңе етпейді. Жарылу деген не! Қарынаяғым, сен әлі талай кәдеге жарайсың, саған бұрыңғыдай сұйық зат болмаса да, бірдеңелер салып қоюға болар,— деді.

Сонымен стакан тұз салынатын ыдысқа айналды.

Өзінің жаңа нәубәтіне риза болған стакан, бірде, ешкімді керек қылмастан былай дейді:

— Мен енді мына қалпымда, шамасы, жүздеген жылдар өмір сүре беретін болармын. Тапжылмастан тұрғанда не зақым келуші еді?

Сонда оны шандып тұрған Жіп масаттана:

— Бәсе десейші, сенің жарығыңды тас қып мен ұстап тұрғанда еш пәле болмас,— дейді.

— Ау, сен онан өзге неме жарамақ едің? Шынын айтқанда сен өзің кімсің? — деді кекірттене Стакан. Сөзден сөз туып, ас үйде әп-сәтте жанжал басталды да кетті. Ашу кернеген Жіп шарт үзіліп кетпек болса, шытынаған Стакан қақ айырылуға әзір. Бұл екеуінің арасына Тұз түспегенде істің немен бітерін кім білсін!

Тұз, өздеріңе мәлім, өзге көп қасиеттерімен қоса тапқырлық пен данышпандыққа да ие. Өзіне кәміл сенімді ол бұларға былай деп ақыл айтады:

— Сонша тас-талқан болудың не керегі бар? Онан да өздеріңнің ата-тектеріңді баяндағандарың жөн болмас па? Өйткені біріңді бірің жөнді білмейтін тәрзідіңдер ғой. Мүмкін ілікшатыс, тіпті, жұрағат боп шығарсыңдар, кім біледі!

— Не дейді!! — деп тыжырынды Стакан. — Ілікшатыс! Шынының! Жіппен бе? Менің бе? Ау, сенің өзің шыныдан нелер жасалатынын білуші ме едің? Сенің өзің менің тегім не екенін білесің бе? Егер мен саған өзімнің жұрағаттарымның тек жарым-жартысын ғана баяндай бастайтын болсам, соның өзіне кемінде бір апта кеткен болар еді.

— Ха-ха-ха! — деді өзінің шіңкілдек жіңішке дауысымен Жіп, — мен сенің жұрағаттарыңды бір минута-ақ санап бере аламын. — Сөйтті де ол Стаканның шыны тектес жұрағаттарын санай бастады.

— Графиналар, бутылкалар, шөлмектер, разеткалар, вазалар. Бары осы!

— Ха-ха-ха! — деп Стаканның да шексілесі қатты. — Егер бары осы болса, онда сіздің жөнді ештеңе де білмейтіндігіңізге менің өкінуден басқа айтар түгім де жоқ. Сіздің қолыңыздан біздің шыны

тектес көп семьялы жұрағаттарымыздың бір ғана семьясының аздаған өкілдерінің аттарын атау келді. Онда да тегіс емес. Сіз мысалы, тіпті жалт-жұлт етіп сыңғырлап тұратын хрусталь жұрағатын да ұмыттыңыз. Бұл ең көбі болмағанымен, біздің жұрағатымыздың ең бір әйгілісі еді.

— Ғафу етіңіз, бекзадам, — деді кекесіндей Жіп, — мен сіздердің әлгі шынышылар терезеге орнататын жап-жалпақ әулеттеріңізді де есімнен шығарыппын.

— Сіз әрі көреген, әрі қылдай жіңішкесіз, — деп тілін сұғып алды Стакан да оған. — Терезе шынысының дүниеде өмір сүретіні сізге мәлім деп мен еш ойламап ем. Тек сіздің сол жалпақ шынылардың парасатты жұрағаттары жөнінде мұрныңызды неліктен шыйыра сөйлейтініңізге менің таңым бар! Миллиондаған үйлердің жылуын сақтайтын шыны жөнінде. Күн нұрын үйге өткеретін шыны жөнінде. Меніңше, егер олармен тек үйлерді ғана емес, оның үстіне трамвайларды, автобустарды, кемелерді де шынылайтынын ескерер болсақ, оларға жақсы лебіз айту лайық. Теплицалардың, парниктердің, оранжерейлердің пайда болуы да солардың арқасы. Егер әлгі, сіздіңше айтқанда, жап-жалпақ шынылар болмаса, қыстың қылшылдаған қызылшұнақ аяздарында хош иісті гүлдер мен жемістерді өсіруге болар ма еді! Жоқ, Жіп, сіз шыны жөнінде тым аз біледі екенсіз!

Осыны айтты да Стакан, қызыл тілін барынша безеп, ас үйдің сөресіне шығып алып, өзі Стакан емес, нақ бір сүйікті тақырыпқа лекция оқып тұрған профессорымша сөйлеп жөнелді.


— Аспанға бір қараңызшы, — деп лепірді Стакан, — онда қаншама жұлдыздар жымыңдайды. Соларды алыстан көрсеткіш көз — мына телескоптар ойлап шығарылғанға шейін адамзат не білген еді дейсіз!! Ал, бір тамшы судың ішінде қандай тіршіліктер бар екені адамзатқа микроскоппен қаруланғанға шейін мәлім болып па екен!! Жүз және мың мәртебе үлкейтіп көрсететін шыны микроп дүниесін тануға пайдалы және пайдасыз бактерияларды, заттың құралу дүниесін табуға жол ашты.

Өмірдегі ең қарапайым, ең жиі кездесетін заттардың өзі, олар туралы ойлай бастасақ-ақ әрі қызық, әрі күрделі болып сала береді.

Стаканның өте тебірене, өте көкейге қондыра сөйлегені сонша, ол Жіпке ұнай бастады.

Телескоптарды, микроскоптарды, дүрбілер мен лупаларды айтып болып Стакан Жіптің назарын көзілдіріктерге аударады.

Көзілдіріктер болмаса, алысқа көзі жетпейтін я жақыннан көрмейтін адамзаттың кемінде төрттен бірі бақытсыз болып қалған бо-



МЕН ЖІП

лар еді. Көзілдірік — оптикалық шыны жұрағаттарының, ең көп тараған және ең көпке пайдасы тиетін ұрпағы.

Я, Стакан мақтауға тұрарлық еді! Жіп оның лебізін есіткен сайын таң-тамаша.

Фотография аппараттары шынысыз соқыр болар еді. Ал, фотографияның сіңілісі — кинематография шыныкөзсіз өмір сүре алар ма еді! Түрлі-түсті сәулелені өзінен өткеріп экранның ақ шымылдығына айқын түсіретін киноаппараттың шынылары ғажайып ертегі емес пе! Міне, осылардың бәрі менің ет жақын туыстарым — шынының ұрпағы. Ал, радио ше!

— Радио! — деп таңырқай қайталады Жіп.

— Сөзіңе құлдық, радио да, телевидение де, электр жарығы да, дыбыс жазғыш аппарат та шынысыз болмайды.

Бұл жерде Стакан лампаларды, шыны түтіктерді, изолятор-қындарды тәтпіштеп тұрып әрқайсысының үрім-бұтағымен білгірлене тізе жөнелді, тіпті ол өзінің алыстан қосылатын кейінгі бір ұрпағы, сынбайтын шыны — плексигласты да шарпып өтті. Сөйтіп түнгі сағат бір жарым соққанда шыны қолданылмайтын шаруашылықтың бірде-бір саласы жоқ болып шықты.

— Енді сіз, Жіп, — деп қорытты Стакан, — сізбенен мені шандығанда, өзіңізге қандай зор құрмет көрсетілгенін ұққан боларсыз деп үміттенемін.

Бұл қайтадан Жіптің қытығына тиді, өйткені осыдан бір минут бұрын ғана ол Стаканға өзінің зор ризалығын білдірмек болған еді. Сонда да онымен қарым-қатынасын бұзғысы келмей Жіп ақырын ғана былай деді:

— Әлбетте сіз ардақты есімдерге қосыласыз, алайда мен де бұл жарық дүниеде дөңгелектің қыюы қашқан шабағы емеспін ғой. Мен қарапайым-ақ шығармын, оның есесіне менің дәулетім ұшантеңіз.

Оған Стакан былай деп жауап қайтарды:

— Бекзатым, сіздің орныңызда болсам мен жұп-жұмыр домалақ болып төгілгенге және иненің көзіне сабақталғанға соншалық мәз де болмас едім.

— Я, оның солай екені рас, — деп жауап қайырды Жіп, — егер ас үйдің сөресінде отырып биіктен қарар болсақ. Бірақ, біз екеуміз менің ата мекеніме аттансақ, сонда мен сізге менің жұрағаттарымның жүзден бір бөлігін ғана көрсетсем, сіз маған ден қоя зор құрмет көрсеткен болар едіңіз.

— Несі бар, құп болады, — деді де Стакан еңкейіп өзінің ішіндегі тұзды табаққа себе салды. Сонан кейін ол жантая кетіп, былай деп сұрады: — Қайда домалауға бұйырасыз!

Олар аз домалады ма, жоқ көп домалады ма және нақ қай жолмен домалады мұның бәрінің қажеті аз. Тек олардың аман-есен мақта даласынан келіп шыққаны анық.

— Міне, менің мекенім! — деп шіңгір етті Жіп, —



Ал мыналар менің туыстарым, — деп нұсқады ол бір түп мақтаны нұсқап.

— Е, сіз ақ мақтадан екенсіз ғой! — деді Стакан, мақтаның ашылып келе жатқан қауешектеріне қарап тұрып.

— Я, мен сонау фабрикада иріліп шыққанға шейін, ақ мақта болғанмын.

— Охо! — деп таңырқады Стакан, бұл екеуі фабрикаға келіп талшықтың Жіп болып ирілгенін көрген шақта. — Сіз білесіз бе, құрметтім Жіп, мұндағы техниканың хрусталь, шыны және оптика заводтарындағыдан бірде төмен емес екенін!

— Алда риза болсын сізге, — деп жауап қайырды мәз-мәйрәм болған Жіп. — Ілгері жүруіңізді өтінемін.

Сәлден соң олар мата фабрикасына келіп жетті. Мұнда станоктар Жіпті сисаға, бөзге, сағатқа, бумазиге айналдырып жатыр екен. Техникалық сауаты мол Стаканға бұл жерде болашақ көйлектердің, көкреншелердің, простынялардың, дастарқандардың туып жатқанын түсіндірудің қажеті де жоқ-ты.

— Достым менің, айтпақшы сіздер адамды киіндіреді екенсіздер ғой! — деді шаттана Стакан.

— Я! — деп қуаттады, миығынан күліп Жіп.

— Мен дүниеге келгенге шейін адамзат тері-терсек киген. — Содан кейін ол елеусіз ғана мынаны үстемеледі: — Менің нәсілім сенің нәсіліңнен әлдеқайда көне, бірақ мен оған тұмсығымды көтермеймін, дегенмен мұның өзі менің сізге әмпейі болуымды бәсеңсітпейді, — деп сөзін түзетті Жіп.

Мата фабрикасын нұсқап Жіп Стаканға өзінің апасы — Жүн жіпті таныстырды, ал Жүн жіп өз кезегімен одан костюмдік жүн матасы жасалатынын, кейде жуан жіп болып барып пальто, одеяло, ормал жасайтын драпқа айналатынын көрсетті.

— Құрметтім-ау! — деп сыбыр етті Стакан Жіпке, — сіз мына матаның негізі екенсіз ғой.

— Тек негізі емес, арқауы да, — деді Жіп.

Стакан мұны ұқпай қалды, сондықтан өрмектің ұзын жібі негізі деп аталса, көлденең жібі арқауы деп аталатынын оған түсіндіруге тура келді.


Енді осы жерде Стаканның ой өрісі соншалықты кең емес екендігін мойындауға тура келді.

— М, я! — деп таңырқай берді ол. — Сіздің есіміңіз біздің есімдеріміздей сан-сапалақ көп болмағанымен, әйгілігі кем түспейді екен.

Жіпке бұл мойындау бек ұнап кетті. Алайда, ештеңеге көңісі келмеген ол Жіпсіз дүниеге келуіне болмайтын заттардың аттарын атай бастады.

Бақсам-бақы екен дегендей электр сымы тек резинкамен ғана емес, өрген жіппен орапайды екен. Айтпақшы асханадағы клеенка да резинка жалатқан мата болып шықты. Өрт сөндіргіш түтіктер де жіптерден тоқылған, автомобильдердің дөңгелектері де ерекше материал — корда жібінен жасалған болып шықты.

Сонымен Стакан көзін енді қайда жеберсе де



оның көзіне жіпсіз түсер зат қалмады. Балықшының ауы да, шұлықтар да, кітаптың мұқабасы түптелген коленкор да апалы-сіңілілі жіптер екен, тіпті аяқ киімдерің де жіпсіз жарық дүние көре алмайды екен!

— Енді мен,— деп мойындады Стакан,— сіздің де ұлы және мәртебелі есімдерге жататыныңызды көріп тұрмын, демек мен сізбен біздің ілік-шатысымыз жоқтығына қатты өкінемін.

— Я, бұл өте аянышты,— деді күрсініп Жіп, олар сөреге қайтып оралғанда.— Біздің сізбен туыс емес-тігіміз өте аянышты хал.

Бұл кезде сөзге Тұз қайта араласып, бұлардың барша үрім-бұтағын қайта атап шығуға кеңес берді.

— Мүмкін сіздер,— деді Тұз,— туыс болып шығарсыздар.

Сонда жіп өзінің барлық сіңілілерін, оның ішінде ең кішілерін: капрон, вискоз, найлон жіптерін және оның өзіне де әлі мәлім емес тағы бір жіпті жыйнап әкелді.

— Сенің атың кім болады, сіңілім! — деп сұрады Жіп.

— Менің бе! Қалайша сіз мені танымай тұрсыз! — деді есімсіз жіп, біресе Жіпке біресе Стаканға жалтақтай қарап.— Мен сіздің екеуіңізге де өте жақын туыс боламын.

— Есімсіз жіп сыңғырлай күлгенде, Стакан оның бойында өзіне туыс бір жақындықтың барын сезді.

— Сіз өзіңіз кім боласыз! — деп сұрады ол.

— Кім дейсіз бе! — деп бұрынғысынан да сыңғырлай күлді ол.— Мен Шыны жіппін. Шыны талшықтан иірілген жіп боламын.

— Олай болуы мүмкін емес! — деп шаттана дызың етті Жіп.

— Жоқ, бұл тап солай,— деп шындады Шыны жіп.— Сөйтіп мен шыны талшықтан иірілгендіктен, демек мен сенің қарындасыңмын, сүйікті бауырым Стакан. Ал, менің өзім жіп болғандығымнан демек қандай жіпке болмасын сіңілі болып шығамын. Ал, егер мен, Жіп, саған сіңілі, Стакан, саған қарындас болсам, демек сіздер де туыс боласыздар.

— Тап солай! — деп жаңғыртты да бүкіл ас үйді, Стакан Жіпке қарады.— Егер ол менің қарындасым, сенің сіңілің болса,— бұл жерде Стакан Жіпке «сен» деп салды,— онда сені мен біз, қадірлім, қарынбөле болып шықтық.

Осы сөздерді айтып тұрып Стакан Жіптің өзін бұрынғыдан да қатты қыса түскенін, бұдан оның бүйірінің жарығы жымдасып бара жатқанын сезінді.

Өмірде осылай да болады... «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» дегендейін сұраса-сұраса келе, Стакан мен Жіп те қарынбөле шығыпты.

ЖАҢА КІТАПТАР

„АЙНА БҰЛАҚ“

Қыс бойы жер бетін орап алған қар көктемнің шуақты күнінің қызуына шыдамай еріп жатыр. Мұз жамылған өзендерде сең жүріп, арнасы суға тола түскен. Көктеммен бірге келген құстар дамылсыз шулап әнге басады.

Жас ақын М. Жаманбалиновтың «Айна бұлақ» деген тұңғыш жыйнағы осы табиғаттың көктемін «Омь тасығанда» деген өлең арқылы суреттеумен ашылады. Автор бұл өлеңінде жадыраған көктем суретін тасыған өзен арқылы әдемі де, әсерлі сөз оралымдарымен оқушының көз алдына елестетеді.

Жыйнақтың бет ашары ретінде кірге өлеңге мазмұны жағынан үндесетін «Жаңбыр», «Көктем тойын бастады», «Қарағай» атты өлеңдерден де оқушы табиғаттың әдемі көріністерін жанымен сезінеді.

Жыйнақтағы біраз өлеңдерден мектеп өмірін көреміз.

...Күз. Ағаш жапырағы сарғайған. Соққан желдің әсерінен сарғайған жапырақтар ағаш бұтағынан жерге төгіледі. Осы қоныр күзде коммунизмнің кішкентай құрылысшылары мектепке кетіп барады.



«Қамданды ауыл, атырап,
Келді де ырыс алтын күз.
Жиі түсіп жапырақ
Көшелерге қалдырды із.
Алтын ізбен болашақ
Коммунизм адамы
Қолға тұңғыш сумка ұстап
Мектепке кетіп барады»

Белгілі сюжетке құрылған өлеңдері де тартымды. «Дәнсіз би-

дай» деген өлеңін алайық. Тыңда өскен қалың бидайдың ішінде бір тал бидай сабағының ұзындығымен ерекшеленеді. Тексере келсе, әлгі бидай дән салмағандықтан бойы ғана биіктепті.

Бұдан кейінгі беттердегі «Қасымның хаты», «Марат пен құрт», «Марат пен сауысқан» деген өлеңдерінде автор мектепке алғаш барған оқушының күнделікті өмірінің кейбір жақтарын суреттейді.

Жас ақын осы арқылы оқушысына тәп-тәуір ой тастайды.

«Кей адам сондай болады,
Есіңе сақта, дос, мұны.
Тәкәппар көңіл жоғары,
Бидайдың әлгі бостығы»

Жыйнақтағы «Тоқылдақ», «Мойнақ», «Торғайлар» деген өлеңдер де мектеп балаларының ойына, дүние тануына лайықталып жазылған.

Жас ақын М. Жаманбалиновтың бұл тұңғыш жыйнағы мектеп оқушыларының, пионерлердің сүйіп оқыйтын кітабы болуға тиіс.

Балалар! Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы 1958 жылдың аяқ шенінде басып шығарған бұл жыйнақ қазір республикамыздың барлық кітап магазиндеріне түсіп, сатыла бастады. Сендер бұл кітапты сатып алуды ұмытпаңдар.

САНСЫЗ АЛҒЫС

АҒЫЗ

Қең даланың бір қойнауында, жел ұшырған қаңбақтай көшіп-қонған қазақ ауылдарының бірінде екі бала дүниеге келіпті. Оның бірі алты қанат ақ отауда, сары аласын асып жеп, сары қымызын сапырып ішкен бай үйінде өседі. Тұрмыстың бар рахаты жүйрік ат, сауық-сайран, шалқыған дәулет оның еншісіне тиген. Жас күнінен-ақ ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс боп, дүйім елді аузына қаратыпты. «Ауызы қыйсық болса да, байдың ұлы сөйлесін» боп ол жүре беріпті.

Ал, екінші бала болса, қырық шоқпыт қара лашықта, қой сонында ер жетеді. Оның жолдасы жаздың мый қайнар ыстығы, қыстың долы бораны, түздің тентек желі болған. Тұрмыстың ащы-тұщысын татып, қаққы, соққыны көп көрген бала қара қайыстай қатып, құрыштай шындалады. Қоңыр самалды жаз түндерінде әлгі байдың баласы, сүйекпен оймышталған кроваттары мамықтың үстінде толықсып жатқанда, пақыр бала ауыл шетінде, шөбі күйіп кеткен тақыр жерде анамен тілдескендей, аспан көгіндегі жымындаған жұлдыздарға қарап, ыңылдап ән салады екен.

Тас түлек талқан етер таудың тасын,
Ел десе, жерге қояр ішкен асын.
Пайдаңды жақсы болсаң халқын көрсін,
Ылаждап ит те асырар жалғыз басын...

Өгей анадай өмірін өксіткен тұрмыстан қажыған, жоқшылықты жолдас еткен жас-кәрі өнерлі жастың әнін, жүрек тереңінен жарып шыққан армандай сөзін пейілдене тындайды. Қаршадайынан бағы ашылмаған қыршын жастың мұңлы әніне ме, әлде өздерінің қатар тағдырына ма, кім білсін, ауыр күрсінісіп, тұрмыс жайын, шаруа жайын сөйлесіп, ұзақ отырысады.

Күн артынан күндер өте беріпті, жылды жыл қуалапты. Қырау кірпікті, мұз сақалды қыс келіп, сахараға ақ кигізін төсесе, күлім көзді көктем келіп, оған жасыл желегін тағыпты, оның соңынан деміне нан піскен от тынысты жаз келіп, даланы жалынымен шарпыйды. Қазақ ауылы әр құмды бір паналап, әр суды бір сағалап көше беріпті, көше беріпті. Сөйтіп, өмір шіркін жаз таңының сағымындай қылаң беріп өтеді де шығады.

Бірі жарлы, бірі бай екі құрдастың да сақал-шашын қырау шалып, кәрілікке қадам ұрыпты. Бай обыр байыған сайын, қартай-

ған сайын жылауық та қалтырауық, малым шыққан жерде жаным шықсынның тап өзіне айналады. Біреуді алдап, біреуді арбап, біреуді езіп, даланы малға толтырады.

Ал, кедей байғұс жасы жер ортасынан ауған соң қара ниетті құрбысынан іргесін аулақ салып, ел көші өтетін қара жол үстінен шыңырау құдық қазады. Оны сексеуілмен шегендеп, түз желімен бірге есіп, бірге көшетін көшкін құмнан сақтау үшін, жан-жағына тораңғы егеді.

Күндердің бір күнінде малын түгендей шыққан бай жолда тырбандап құдық қазып жатқан кедей замандасын көріпті. Ат үстінде шіреніп тұрып, өктем тілмен:

— Сорлы-ау, көкалалы көп жылқымды бір айдап өтсем, құдығыңның өзі түгіл, ізі де қалмайды ғой. Құр әурешілік қой мұның, — депті.

Кедей ләммиім деп жауап қатпапты. Мырс етіп бір күліп, жұмысын жасай беріпті.

Арада талай уақыт өтеді. Бір жылғы қатты жұтта даланы қара құрымдай қаптаған бай малы қырылыпты. Қора-қора қойы мен үйір-үйір жылқысы, табын-табын сыйыры мен топ-топ түйесі көрген түстей жоқ болыпты. Жапырағын өрт шалған кәрі ағаштай жалаңаш сояуы қалған байдың тірі жүргенінен не пайда?! Ол тірліктегі медет-тірегінен — малынан айрылды. Талқаны шықты. Енді өмір сүріп не керек? Ақыры дүниекоңыз, жебір бай өзіне де, өзгеге де пайдасы болмай дүние салыпты.

Ал, кедей ше? Ол бейнетінің зейнетін көріпті. Сол бір қуаң далада қаны кеуіп, тілі аузына сыймай шөлдеген жолаушы көз ұшындағы көк жиектен, сағым үстінде бөріктей қалқып тұрған шоқ ағашты көріп, соған жетуге асығады екен. Оған жеткенде өшкен үміт жанып, бойға қуат құйылады екен. Шөл далада шаршап шалдығып жеткен жолаушыны қара лашықтан шыққан жарқабақ, апайтөс, қара кісі қарсы алады екен. Ол аспай-саспай, қонағын ықыласпен күтеді екен. Ал, жолаушы болса бұлақты құдықтың салқын суын қана ішіп, бұйра жапырақты ағаш саясында тынығады екен. Сосын өзі де, көлігі де балдай суға тағы бас қойып, торсығын толтырып алып жолға шығады екен. Құдықтың рахатын көрген әрбір адам: атаңа мың рахмет, асыл жан! — деп кедейге рахметін жаудыра береді екен.

Ә. Жұмабаев.

„ҚАНАТТЫ СЫЙЛЫҚ“ ФИЛЬМІ ҚАЛАЙ ТҮСІРІЛДІ?



Фильмнен кадр.

Жаз. Колхоз кеңсесі маңындағы бұтада бір топ бала тығылып отыр. Кенет баланың бірі бұтаның арасынан шығады да, кеңсе алдында тұрған аттардың құйрықтарын біріне-бірін байлап қояды. Сөйтіп ол балаларға қайтып келіп: «Қазір қызық болады... Бригадир аттан құлайды» дейді.

Айтқандай-ақ кеңседен екі адам шығады. Бірі колхоз председателі Мұхтар ағай. Ол атына мініп жөнеле беріп еді, бірақ аты екі аттап, кілт тұра қалды. Аттан әрең құлап түспеді, басынан қалпағы жерге ұшып кетті. Бұтаның сыртынан сықылықтаған күлкі естілді. «Тағы да Хасен екен ғой ерігіп жүрген!» — деп ойлады председатель.

Алматы киностудиясынан балалар үшін шығарылған «Қанатты сыйлық» атты түрлітүсті, көркем суретті жаңа фильм осылай басталады.

Аттардың құйрығын байлаған баланың аты — Хасен. Ол және оның достары Ермек, Саша, Шахмет сыяқты балалар колхозда тентектікпен атышулы болады. Бұлар басқа балалар құсап жас натуралистер қатарына қосылып, колхоздың түлкі өсіру фермасында жұмыс істегісі келмейді. Уақыттарын босқа өткізеді. Бірақ, осы кезде колхозға жақсы көмектескені үшін жас натуралистерді Москваға Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне жібереді деген хабар тарайды. Осыған қызыққан Хасен де түлкі фермасына келіп жұмыс істейді. Сонда жүріп ол байқаусызда жылтыр қарабурыл түлкіні босатып қоя береді. Оны қалай ұстап аларын білмей жас натуралистер қатты сасады.

Жас натуралистер үйірмесінің жетекшісі Азамат түлкіні бүркітпен ұстайық деп ұсыныс жасайды. Бірақ, бүркітті қайдан алу керек? Әрине, белгілі аңшы, өзі колхоз председателі Мұхтар ағайдан алу керек. Сөйтіп, жас натуралистер делегациясы председателге келеді.

— Сендер білесіңдер ме, бүркіт тырна-

ғымен қасқырдың өзін өлтіреді. Ал, сендер түлкіні... Білесіңдер ме... — дейді председатель бұларға.

— Ал, егер бүркіттің тұяқтарына қолғап кигізсе ше, — деп балалар да болмайды.

— Егер, бүркітке қолғап кигізсеңдер, түлкі оған ауызды салады, — дейді Мұхтар ағай.

— Жоқ, ауыз салмайды түлкінің тұмсығы марлімен байланған, — дейді жас натуралист Наташа.

Ақыры, болмаған соң, Мұхтар ағай көнеді. Бірақ оның айтқаны келеді. Бүркіт түлкіге шүйіліп түскен кезде түлкі тұмсығындағы марліні сыпырып тастап, бүркіттің тұяғына тісті салады. Мұхтар ағай қатты қапаланады. Өйткені, жаралы бүркітпен ол енді аңшылардың дәстүрлі мейрамына қатыса алмаймын деп ойлайды. Бүркітсіз аңшы — аңшы емес.

«Бәрін де түлкі фермасынан қуар ма еді... Түлкіні қоя беріп!» — деп ойлайды ол ішінен.

Хасен Мұхтардың алдында өзінің үлкен кінәлі екенін сезеді. Ол қайтседе бір жерден бүркіт балапанын тауып, асырап өсіріп, аңшылар тойына дейін председателге сыйға тартқысы келеді.

Сөйтіп, Хасен өзінің жолдасы Сашамен бірге тауға барып, бүркіт ұясын іздейді. Бірақ, балалар жолды жақсы білмейді. Олар тіп-тік биік құзға өрмелейді. Саша

кейін қайтайық десе де, бір беткей Хасен оны тыңдамайды. Ұяны іздеп жалғыз өзі тарта береді. Ақыры ол іздеген ұясын табады. Ұяда балапан бүркіт отыр. Балапанының даусын естіп ұяға бүркіт келеді. Хасенге жыртқыштың өзімен алысуға тура келеді.

Бірақ, осы кезде жолдастары да жетіп, оны құтқарып алады. Жас натуралистер ұстап алған балапан бүркітті өсіріп, колхоз председателіне сыйлауды мақсат етеді. Бұл ойларын олар күзгі аңшылар тойына дейін ешкімге айтпай, құпия ұстауға келіседі.

Сонымен, жас натуралистер бұрынғысынша түлкі фермасында істеп, түлкі өсіреді, оларға қажетті жем дайындап, колхозға үлкен қолғабыс тигізеді. Түлкі фермасының меңгерушісі Жапар қарт өзінің жас қолғабысшыларына риза болады.

Бірақ, қашып кеткен қарабурыл түлкі Хасеннің есінен кетпейді. Ол қайткен күнде оны ұстап алып түлкі фермасына тапсыруды ойлайды. Ақыры, көп уақыт сарсылып іздеп жүріп ол қарабурыл түлкінің інін табады. Бақса, түлкі күшіктепті де, інде оның бірнеше күшігі бар екен. Хасен өзінің кішкентай серігі Юрамен бірлесіп мұны ешкімге айтпай өздері өсіріп, күзде колхозға сыйламақ болады. Оларға тоғай күзетшісі Кузмич ағай да көмектеседі.

Күз. Аңшылар тойы жақындап келеді. Бірақ, осы кезде қырсыққандай, жас натуралистердің күтіп өсірген бүркіті түлкі аңдып жүріп боранға кез болады да, қайта оралмайды.

— Міне, қырсық, — дейді үйірме жетекшісі Азамат, — сол бүркітті өсіреміз деп қаншама әурелендік, ақыры бәрі текке кетті. Басқа балалар да осылай өкінеді. Хасен оларды жұбату үшін, өзінің сырын айтып, өсірген түлкілерін көрсетеді.

— Сендердің бүркіттеріңнен кейін сыйлағалы жүр едік, енді... Бәріміз бірлесіп ортамыздан сыйға тартайық. Жарай ма? — дейді ол балаларға. Жас натуралистер қуана келіседі. Сәті түскенде үйреншікті бүркіт қайта ұшып келеді. Балалар аңшылар тойында колхозға түлкілерін тапсырады, ал колхоз председателіне қанатты сыйлық — жас бүркітті береді.

Түлкі фермасында жақсы жұмыс істеп, колхозға көмектескені үшін «Қызыл ту» колхозының басқармасы арнаулы қаулы шығарып, жас натуралистерді Москваға, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне жібермекші болады.

Балаларға арналған «Қанатты сыйлық» фильмі осылай аяқталады.

Бұл фильм өткен жылы жазда Медеу, Ұзынағаш және Талғар төңіректерінде түсірілді. Оған тек артистер ғана қатысып қойған жоқ, сонымен бірге Алматы мектептерінің оқушылары да қатысты. Хасеннің ролінде — Ғазиз Нұрмағанбетов, жас натуралистер үйірмесінің жетекшісі Азаматтың ролінде — Алик Едігенов, Наташаның ролінде — Лора Климова — Мықтыбаева, Сашаның ролінде — Леня Новиков, Ермектің ролінде — Сансызбай Нұркамалов, Юриктің ролінде — Федя Аранышев т. б. ойнады.

Бұлардың бәрі бұрын фильмге түсіп көрген жоқ еді, сондықтан едәуір қыйыншылықтар да көрді. Ойнап жүрген кездерінде көздеріне түсірген жарық шамға, юпитерге тура қарай алмады. Сондықтан, бір көріністің өзін бірнеше, оншақты рет қайталап түсіре беруге тура келді. Мәселен, Ғазиз Нұрмағанбетов:

— Мен бұрын актер болудың мұншалықты қыйын тиетінін білмедім, ең оңай мамандық шығар деп ойлаушы едім, — дейді. Басқа балалардың да осындай ойда болуында сөз жоқ.

Киноға түсіру істері оқушылардың жазғы каникуль кезінде жүргізілгенімен, кішкентай артистер режимді қатаң сақтады. Олар белгілі мерзімде тұрып, тамақтанады. Фильмге түсетін уақыттары да белгіленді. Мәселен, олардың жұмыс күні таңертеңгі сағат 6—7 де басталды. Күн сайын алты сағаттан кем жұмыс істеп көрген жоқ. Бұл істің маңызына жете түсінген олар ешуақытта қарсылық білдірмеді. Бірақ кешкісін олар уақыттарын көңілді өткізді. Жыйналып волейбол, футбол, шахмат, дойбы ойнады, газет, журнал, кітаптар оқыды.

Балалардың көпшілігі киноға түскенге дейін бір де рет атқа отырып көрмеген екен. Фильмге қажет болғандықтан, олар атқа мініп жүруді үйренді.

«Қанатты сыйлық» фильміне нағыз бүркіттердің өзі түсірілді. Қыйындығы сол, кино түсірушілердің бір де-бірі бүркіт бабын білмеуші еді. Енді қалай түсірді? — дейсіздер ғой. Қарт бүркітші Жанқұлов Мұсабек көмекке шақырылды. Ол өзінің асыранды бүркітімен келді. Өзіне үйреншікті бүркітке Мұсабек қажетті қыймылдың бәрін жасатты. Қарт бүркітшінің өзі фильмге түскен жоқ. Фильмнің аяқ кезінде бүркіт ұшып келіп, колхоз председателі Мұхтар ағаның колына қонатын бір көрініс бар еді. Бірақ, бүркіт өз иесінен басқаға бармайды. Сондықтан, бүркітшіге председательдің киімін кигізіп, оған бүркіт ұшып келе бергенде

теріс қаратып түсіріп алынды. Бүркітші мен председательдің бойы, денесі бірдей болғандықтан, бұл өте жақсы шықты...

Бірақ, фильмде ылғый нағыз бүркіттің өзі түсіріле берген жоқ. Мәселен, Хасен мен бүркіттің айқасқан кезін алайық. Мұнда біраз кадрлар жалған бүркіт арқылы түсірілді.

Фильмде мынадай да бір көрініс бар. Қарт шопан Қазақбай шеткі фермаға қасқыр келгенін хабарлайды. Мұны білген жас натуралистер қасқырға өздері үйреткен бүркітті салады. Осы кездегі нағыз қасқыр мен бүркіттің алысуы сол шындық қалпында түсірілді. Бірақ, қасқыр бір сәтте басымен жерге аунап түсіп, бүркітті астына алып ұрған еді. Ал, фильмге қасқырдың жеңуі емес, бүркіттің жеңуі қажет болатын. Сол себептен, қасында дайын тұрған жұмысшылар қасқырды соғып жықты да, бүркітті үске шығарды. Міне, оператор аңдып тұрып осы көріністі түсіріп алды.

Енді шын нағыз қасқырды қайдан тапты деп ойлайсыздар ғой. Осы фильмді түсірместен күні бұрын, көктемде қасқырдың бірнеше бөлтірігі сатып алынды. Күзге дейін бөлтіріктер өсіп, ірі қасқыр болды. Олардың үйреншікті болмай, ашулы, ызақор болуы үшін, бәрін бір-ақ адам күтті. Олардың торына басқа адамның баруына рұқсат етілмеді.



Фильмнен кадр.

Бұл фильмде мынадай бір қызық эпизод бар. Жас натуралистер өздері өсірген бүркітін жоғалтады. Оны іздеуге шыққан Азамат айдалада нөсер жауынның астында қалады. Осы көрініс қалай түсірілген? Уақытқа болған жерге желүргіш аспап әкелінді. Бұл кәдімгі өздерің көріп жүрген «У-2» самолет. Бірақ оның қанаттары жоқ. Бұл жерге өрт сөндіргіштер де шақырылған. Олар түсіру алаңына жоғарыдан тұрып насоспен селдетіп су жібереді. Ал, желүргіштен пайда болған күшті ауа толқыны жаңағы суды кейін теуіп жан-жаққа шашады. Мұны түсіріп алғанда кәдімгі нөсер жауын сыяқты көрініс пайда болды.

Тағы қыйын эпизод мынау болды. Хасен құздың басында тұрып ұясына ұшып келген бүркітпен алысады. Төменде терең сай. Онда гүрілдеп тасқын су ағып жатыр. Осыны көргенде, бала тайып, соған құлайды-ау деп аяушылық білдіріп отырасың. Бұл көрініс қалай түсірілген? Шынында да балаға осындай зор хауіп тап келді ме? Әрине, жоқ! Бұл көрініс былай жасалды. Дәл мұндай қолайлы жерді операторлар Медеу маңынан таба алмады. Сондықтан, түсіру павильонында осындай терең сайдың макеті жасалды. Сайдың бойымен шлангадан су жіберілді. Осы көрініс құз басында түсірілген баланың суретімен құрастырылды. Сөйтіп, тұтас бір көрініс жасалды.

«Қанатты сыйлық» фильмінің сценарийіне балалар жазушысы Максим Дмитриевич Зверевтің «Азаматтың бүркіттері» деген әңгімесі пайдаланылды. Фильм түсіріліп жүрген кезде «ТЮЗ»-де жазушы Зверевтің алпыс жасқа толған күні аталып жатыр еді. Бұл салтанатты жыйынға фильмнің басты рольдерінде ойнайтын балалар Ғазиз Нұрмағанбетов пен Алик Едігенов қатысты. Олар фильм түсірушілердің атынан сценарийдің авторына «Қанатты сыйлық» кинофильмі кадрларынан жасалған альбомды сыйға тартты.

Фильмде сіздер жас натуралистердің жаңа өнін естисіздер. Оның музыкасын жазған жас композитор Мусин. Ал, хорды Алматыдағы № 54 орта мектептің оқушылары орындайды.

Балаларға арналған «Қанатты сыйлық» кинофильмі барлық кино-театрларда жүргізіледі. Оны бәрің де көріңдер, балалар! Ол сендерге арналған жақсы сыйлық!

О. Обручева.

Ұмытылмас есім

Балалар! Сендер білесіңдер ме, атақты Ленинград қаласында 140-мектеп бар. Сол мектеп алдындағы мемориаль тақтасында: «Совет Одағының Батыры Әлия Молдағұлова осында оқыды» деп жазылған.

Қазақтың батыр қызы Әлияның тамаша есімін пионерлер мен оқушылар ешқашан да ұмытпайды. Әлияның жас кезіндегі үздік оқуы, үлгілі істері, Отан соғысындағы ешпес ерлігі оларға зор өнеге.

Әлия Ақтөбе облысының Темір ауданында туды. Жас кезінде ол кішкентай сіңілісімен бірге Ленинградта балалар үйінде тәрбиеленді. Ол сабақты үздік оқыды, пионерлік істерге белсене қатысты.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Әлия не бары 15-ақ жаста еді. Неміс басқыншылары ұлы Ленин қаласына хауіп төндірген кезде ол жетінші класс бітірді, комсомолға өтті. 1942 жылдың аяқ кезінде комсомолка Әлия өз еркімен атқыштар мектебіне оқуға түсті. Оны үздік бітіріп шыққан соң ұлы Отанды қорғау үшін, көппен бірге майданға аттанды.

1944 жыл. Біздің әскерлер жаппай шабуылға шыққан кез. Новосокольники ауданының солтүстік жағындағы «Н» деревнясы үшін қатты шайқасқан ұрыс болды. Артиллерия атысынан кейін жаяу әскерге кезек берілді. Шабуылға шығуға команда берілуі сол-ақ еді, алдыңғы беттен жас қазақ қызы: «Отан үшін!» Алға! — деп тұра ұмтылды. Оның соңынан барлық жауынгерлер лап қойды. Жауған оққа қарамастан батыр қыз деревняға алдымен кіріп жаудың ондаған адамын атып өлтірді. Жаудың күші тойтарылып, деревня біздің қолға көшті.

Әлия Молдағұлованың ерлік істері туралы мұндай талай эпизодтарды еске алуға болады. Ол майданда жақсы солдат, тамаша мерген аталды. Ол сан рет ұрысқа кіріп, ерлік пен батылдың үлгісін көрсетті.

Бір елді пункт үшін болған күшті ұрыста Әлия сол қолынан жараланып та қалды. Бірақ, ешқандай қыйыншылыққа мойымайтын, табанды, батыл жауынгер сол жерде өз жарасын өзі таңып қайта ұрысқа кірді.



Әлия Молдағұлова.

Уралап алға ұмтылды. Кенет бір неміс офицері күтпеген жерден оны атып қалды. Әлия құлады. Бірақ, автоматын қолынан түсірген жоқ. Ақырғы күшін жыйып алып, неміс офицерін атып өлтірді. Бұл кезде біздің әскерлер жауды, түгелдей жайратып, елді пунктті басып алған еді.

Әлия ұлы Отанын шын жүрегімен сүюші еді. Отан үшін ерлікпен қайтыс болды. Совет Одағының батыр қызы Әлия Молдағұлованы, оның ерлік істерін еліміз ұмытпайды. Ленинградтағы 140 мектеп пионерлері қазақ қызын жиі еске алады. Дружинада, отрядта арнаулы жыйындар өткізеді.

Балалар, өз жерлесімізді, қазақтың батыр қызы Әлияны біз де ұмытпай, еске ұстайық. Оның патриоттық ерлік істерінен үлгі алайық!



Балалардың бәрі залдағы қабырғаға ілінген газетті оқып тұр. Бұл мектепте он күнде бір рет шығарылатын сатиралық «Шаян» газетінің кезекті саны болатын. Газеттің басына үлкен әріптермен:

«Жорғалауық «Шаянмын»
Барлығыңа аянмын.
Тәртіпсізді шағуға,
Әрқашан да даярмын».

— деген бір шумақ өлең жазылған.

— «Шаян» бүгін кімді шақты екен?

— Даңбаевты шағыпты. — деді екінші біреу. Шетте тұрған 5-класстың оқушысы С. Даңбаев әлгі дауысты ести сала бұқпантайлап, өз класына кіріп кетті. Балалар оның бұл қылығына да ду күлісті. Газетте оның суреті салынып, соның аяқ жағына:

Мені жалқау — десті әркім,
Сабаққа бүгін кеш бардым.
Бармағаным жақсы еді-ау,
Сұралдым, тағы екі алдым!

— деген өлең жазылған. Газеттің бұл санында С. Даңбаевтан басқа да бірнеше оқушылар партаның бетін ойып, өздерінің аттарын жазғаны үшін, үсті-басын таза ұстамағаны үшін сынға алыныпты.

«Шаян» газеті қазір мектеп оқушыларының сүйіп оқыйтын газетіне айналды. Бұл газеттің уақытында шығуына оқушылардың барлығы да ат салысып жүр.

Гурьев облысы, Новобогат ауданы,
М. Горький атындағы орта мектеп.

С. ДӘРИСҚАЛИЕВ.

МАСТЕРСКОЙДА



Кең бөлменің ішіне ұзын стол тәрізді верстак қойылған. Бөлменің қабырғаларында қол ара, қашау, сүргі, балға, қысқаш, бұрғы, тескіш, біз, егеу — керекті құрал-жабдықтар тәртіппен қатар-қатар орналастырылған.

6-класстың оқушыларына мұғалім бүгін жыл құстарын қарсы алу үшін ұялар жасайтынын ескертті де, әрқайсысына тапсырмалар беріп жатты...

Оқушылар Базылбеков, Баттасова, Хасенова, Мұқановалар тақтай сүргілеудің шеберлері екенін танытты. Олар ұзын тақтайды сүргілеп, қысқа-қысқа бірнеше бөлектерге ұсақтап бөлді. Тек бұлар емес, басқа оқушылар да қыймылдап істерін аяқтап келеді.

Міне, бірнеше ұялар лезде дайын болды. Оқушылар осы еңбек сабағына ұқыпты қатысудың арқасында шеге жасауға, кішкене орындықтар жасауға әбден машықтанып алды.

Еңбек сабағы — оқушыларды келешек қолөнер мамандығына дайындайтынына шек келтіруге болмайды. Өйткені бұл пәнді барлық оқушы сүйіп оқыйды, ұстаздары берген тапсырманы аса зор ынтамен орындайды.

Ө. НҰРҒЫЙСАЕВ.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Киров атындағы орта мектеп.

Мұқабаның бірінші бетіндегі. Н. Лебедевтің «Май парадында» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов Қ., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х.,
Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С., Нұркатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г Алма-Ата проспект Сталина дом 79 редакция журнала «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 8/IV-57 г. УГ00777. Бум. 84×108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 п л Тираж 31.000.
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 364.



ЖҰМБАҚ ӨЛЕН

БҮЛ ҚАЙ АЙ?

Қызды бір думан әр үйде,
Шаттандың сен де, әрине.
Ұлы заң күнін тойладық.
Бөлmemіз толды ән-күйге.
Бұл қай ай!

Аяқтап екі тоқсанды,
Каникул кезі басталды.
Қырға аққала тұрғыздық,
Жентектеп біздер жас қарды.
Бұл қай ай!

— Жауынгер күні бүгін,— деп,
Суретін түскен күлімдеп
Алыстан ағаң жіберді,
«Қуансын көріп інім!» — деп.
Бұл қай ай!

Күн қандай жылы шуақты!
Тастадық тонды, тымақты.
Қар еріп сайда, жылғада
Сарқырап тынбай су ақты.
Бұл қай ай!

— Жоқ менің дәптер, қаламым,
Оқуға қалай барамын?
Басталмақ ертең сабақ,— деп,
Мазасын алдың ағаңның.
Бұл қай ай!

Мектепке келдік әр қайдан,
Таңғы ауада самғайды өн.
Өзіміз өккен кешегі,
Жас талды көрдік сарғайған.
Бұл қай ай!

Солдырды гүлін атырап,
Теректен түсті жапырақ.
Ертемен шықсаң далаға,
Тоңады денең қалтырап.
Бұл қай ай!

Қар түсті, жонда із жатты.
Өзенде қалың мұз қатты.
«Алақай, коньки тебем» — деп,
Қуандық сонда біз қатты.
Бұл қай ай!

Қызғалдақ қырда көктеді,
Қыздырып күннің от лебі.
Жарқырап болат түрені,
Трактор жонды беттеді.
Бұл қай ай!

Балғын жүзің нұрланып,
Лүпілдеп жүрек қуанып.
Достарыңмен сен бірге,
Парадқа шықтың ту алып.
Бұл қай ай!

Басталған кезі шілденің
Өзенге келіп күнбе-күн.
Төсіне шығып толқынның,
Есіңде шығар күлгенің!
Бұл қай ай!

Жетпей тұр, шіркін, бір ғана ай,
Айтылмай қалған бұл қалай!» —
Деп жүрме, балғын достарым,
Өздерің тапшы, бұл қай ай!

Ш. МҰХАМЕДЖАНОВ.

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1-номеріндегі кроссвордтың жауабы

Тігінен:

1. Сланец. 2. Новелла. 3. Иркутск. 4. Андрей. 7. Эллегия. 8. Осетин. 12. Шота. 17. Іле. 18. Тас. 21. Доссаф. 22. Маса. 23. Гранит. 25. Қысырақ. 26. Ызғырық. 28. Баллон. 29. Қарсақ.

Көлденеңінен:

5. Латос. 6. Еркін. 9. Нигер. 10. Сусар. 11. Гете. 13. Есек. 14. Циолковский. 15. Кит. 16. Шие. 19. Ділбас. 20. Моцарт. 24. Шоу. 27. Ара. 28. Болымсыздық. 30. Кама. 31. Айна. 32. Лашық. 33. Зығыр. 34. Ойпат. 35. Шырша.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: С. Жұмағұлов (Алматы облысы, Жамбыл ауданы.) Ш. Рүстембекова (Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы.)

РЕБУС




Мына ребусты шешкенде, қазақтың мақалы шығады.

КРОССВОРД

Тігінен:

1. Чехословакияның атакты журналісі. 3. Пән аты. 4. Гайдар шығармасының басты кейіпкері. 6. Кавказдағы көл. 7. Уақыт өлшеуіші. 10. Атакты совет жазушысы. 11. Индияға алғашқы барған орыс саяхатшысы. 12. Атакты тарышы. 16. Европадағы өзен. 17. Жыл мезгілі. 18. Батыр қыз. 19. Табиғат күші. 23. Орыс шаруалар көтерілісінің басшысы. 24. Европадағы өзен. 28. Кавказдағы өзен. 29. Үшбұрыш қабырғасы. 32. Ағаш.



Көлденеңінен:

2. Геометриялық дене. 5. Жер орта теңізіндегі арал. 8. Ұлы суретші. 9. Ойпат. 13. Көлемді прозалық шығарма. 14. Теңіздегі ең ірі жануар. 15. Септік жалғауы. 20. Дүние жүзінде радионы алғаш ойлап тапқан адам. 21. Даңқты орыс адмиралы. 22. «Құрыш қалай шынықты» романының басты кейіпкерінің есімі. 25. Қазақтың тұңғыш ғалымы. 26. Капиталистік мемлекет астанасы. 27. Дала өсімдігі. 30. Азиядағы үлкен тау. 31. Украин жазушысы. 33. Индонезиядағы арал. 34. Плана.

Құрастырған СЕРҒАЗЫ ДОСОВ.
Казгудің студенті.